ӨСКЕЛДІ ШЫҒЫНАСЫ

№ 40 (9125),
жұма, 16 қазан
2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 88-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды тағайындау, оны дайындау мен өткізуді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана қаласының, облыстардың, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 12 қазан
№ 1521



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН КОРОЛЬ ФИЛИПП ҚАЗАҚСТАН-БЕЛЬГИЯ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІНІҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Қазақстан-Бельгия іскерлік кеңесінің төртінші отырысында Король Филипп пен Патшайым Матильдаға ілтипат білдірді. Президент мәртебелі меймандардың осы іс-шараға қатысуы тату достық пен екіжақты серіктестікті жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға деген ортақ ұмтылысты көрсететінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгия Қазақстан экономикасындағы 10 ірі инвестордың қатарына кіретінін айтты. Соңғы жиырма жылда бельгиялық компаниялар экономикамызға 15 миллиард доллардан астам қаржы құйған.

– Елімізде агроөнеркәсіп кешені, денсаулық сақтау, фармацевтика, озық технологиялар мен энергетика салаларында 100-ден астам бельгиялық және бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істейді. Олардың қатарында Jan De Nul, Sarens және Ahlers сияқты жетекші бельгиялық компаниялар бар. Екіжақты сауда көлемінің өсіп келе жатқаны қуантады. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда-саттық шамамен 10 пайызға өсті. Сонымен қатар сауда үдерістерін жеңілдету және тауар айналымы өсімін арттыру үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз қажет. Сонда ғана халықтарымыздың қалауына қол жеткізетінімізге сенімдімін. Қазақстан Бельгияның Орталық Азия аймағындағы ірі сауда серіктесі саналады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге Король Филипптің айрықша үлес қосқанына тоқталды.

– Сіз 16 жыл бұрын Қазақстанға сауда миссиясын бастап келдіңіз. Бұл қадам елдеріміздің іскер топтары арасындағы ұзақмерзімді ықпалдастыққа берік негіз қалады. Сіздің Бельгия бизнесіне көрсетіп келе жатқан қолдауыңыз серіктестігімізді ілгерілетуге зор ықпал етті. Дегенмен ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға әлеуетіміз жеткілікті, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, көлік-логистика қарым-қатынасты нығайтатын негізгі бағыттардың бірі саналады. Президент Қазақстан теміржол және автокөлік инфрақұрылымын, Орта дәліз бойындағы теңіз порттары мен терминалдарын жаңғыртуға ауқымды инвестиция құйып жатқанын мәлімдеді.

– Осы орайда, Еуропадағы ірі логистикалық орталықтың бірі ретінде Бельгияның бай тәжірибесінен үйренеріміз көп. Антверпен-Брюгге порт кешені мен Каспий теңізіндегі Ақтау, Құрық порттары арасында нәтижелі серіктестік орнайтынына сенімдіміз. Бұл Қазақстанның металл, мұнай химиясы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін үлкен нарыққа шығаруға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект пен технологиялық индустрияны дамыту өзара серіктестіктің негізгі басымдығы екенін айтты.

– Жасанды интеллект пен цифрлық технология мүмкіндігін пайдалана отырып, AlemAi, Alatau City секілді ірі бастамаларды жедел іске асырамыз. Өнеркәсіптің озық салалары аталған орталықтарда қалыптасады. Бельгияның жартылай өткізгіштерді зерттеу саласында позициясы мықты. Осы артықшылықты ескеріп, бірлескен жобаларды іске асыруға және серіктестікті дамытуға болады, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика және мұнай химиясы салаларындағы ынтымақтастық перспективасына баса назар аударды.

– Қазақстан еуропалық нарыққа тұрақты түрде мұнай жеткізеді. Сонымен қатар жаңартылатын қуат көздері, энергия тиімділігін арттыру, өнеркәсіпті декарбонизациялау және сутегі өндірісі салаларындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Бельгия компанияларын шикізатты терең өңдеу, химия өнеркәсібі және қосылған құны жоғары полимер өнімдерін шығару бағыттарында бірлескен жобаларды іске асыруға шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жасыл энергетикаға көшу және цифрлық экономиканы дамыту аса маңызды минералдар саласындағы өндірістік кооперация мүмкіндіктеріне жол ашатынына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Король Филипптің мемлекеттік сапары аясында аса маңызды минералдар бойынша Қазақстан-Бельгия дөңгелек үстелі ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Еліміз Еуропа өнеркәсібі үшін ауадай қажет 34 шикізат түрінің 21-ін өндіреді. Сонымен қатар Бельгияға титан мен молибден өнімдерін тасымалдайды. Біздің ресурс әлеуетіміз бен Бельгияның инвестициясын, технологиясы мен білім-білігін ұштастыра отырып, осы өте маңызды салада стратегиялық серіктестік құра аламыз. Бүгінгі іс-шараның нәтижесі нақты инвестициялық және технологиялық жобаларға ұласады деп үміттенемін. Мақсатымыз – отандық өңдеу өнеркәсібін өркендетіп, қосылған құны жоғары тауар шығару. John Cockerill және Qarmet компаниялары мырышталған болат пен қорғаныш жабындарын өндіру бойынша серіктестікті жолға қоймақ. Бельгиялық әріптестердің геологиялық барлау, шикізат және металл өңдеу жобаларына қатысуын құптаймыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өнімділікті арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, сондай-ақ су және жер ресурстарын тиімді пайдалануға баса мән беретінін айтты. Бұдан бөлек, Президент медицина мен фармацевтика салаларындағы серіктестікті нығайтудың маңызына назар аударды.

– Біз IBA компаниясымен ынтымақтастықты құптаймыз. Бұл Қазақстандағы протонды терапияға қолжетімділікті арттырады. Сала мамандарын даярлауға және клиникалық зерттеулер жүргізуге қатысты бірлескен бағдарлама онкологиялық ауруларды емдеудің озық тәсілдері бойынша құзыретімізді нығайтуға мүмкіндік береді. Бельгияның фармацевтикалық компанияларын елімізде өндіріс орындарын ашуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазақстан өз азаматтарымен бірге жұмыс істей алатын озық ойлы әрі іскер тұлғаларды тартуға мүдделі екенін айтты.

– Мұндай мамандар елімізге неғұрлым көп келсе, соғұрлым баршамызға пайдалы болар еді. Өйткені осы арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас жақсарып, кәсіби байланыс жандана түседі. Халқымыз осындай араласқұраластықты бағалайды. Қазақстан Президенті ретінде мен үшін елімізге келетін азаматтардың шыққан тегі емес, ең алдымен, қарым-қабілеті мен ақыл-ойы маңызды, – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы инвестициялық климатты жақсарту, заңнаманы жетілдіру, адал бәсекені қорғау және инвесторлармен тікелей диалог өрбіту бойынша қабылданып жатқан жүйелі шараларға тоқталды.

– Халықаралық зерттеу және рейтинг агенттіктерінің бағалауына сәйкес, жуықта Қазақстан әлемнің ең ықпалды елдерінің арасында 34-орынға тұрақтады. Макроэкономикалық көрсеткіштерге зер салсақ, еліміз көптеген салада, атап айтқанда, әлеуметтік қорғау, инновациялық саясат, цифрландыру, ЖИ-ді дамыту, сыртқы саясат, ғылым және білім, заң үстемдігі қағидатын орнықтыру, қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәдениетті ілгерілету, волонтерлік қозғалысты қолдау, ең маңыздысы, адамның құқығы мен бостандығын қорғауда елеулі прогреске қол жеткізді. Бұл қағидаттардың барлығы Конституцияда бекітілген. Азаматтар, Президент ретінде мен де оны мүлтіксіз сақтауымыз қажет. Біздің ұранымыз – «Бірлігіміз – әралуандықта!». Аталған қағидатқа сүйене отырып, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға бар күшімізді саламыз. Осылайша, барлық шетелдік, соның ішінде Бельгия компанияларына қолайлы әрі ашық іскерлік климат қалыптастырдық, – деді Президент.

Король Филипп Брюссельде және Астанада Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланыстарды нығайтуға қажетті алғышарттардың барлығы бар екенін атап өтті.

– Еуропалық одақтың дәл ортасында орналасқан Бельгия Еуропа нарығына шығатын қақпа ретінде елеулі рөл атқарады. Сондай-ақ технология, инновация, таза энергетика, логистика және халықаралық сауда саласында айтарлықтай тәжірибеге ие. Ал Қазақстан еуразиялық кеңістіктің маңызды аумағы саналады. Географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасуының және мол табиғи ресурстарының арқасында Қазақстан әлем экономикасында ерекше орны бар аймақтық сауда, инвестиция және жасыл экономиканы дамыту орталығына айналды. Мұның бәрі ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге шынайы негіз болады, – деді ол.

Бельгиялықтар Королі екі елдің бизнес өкілдерін энергетика, аса маңызды минералдар, көлік-логистика, қаржы және туризм сияқты перспективті салаларда ықпалдастықты жандандыруға шақырды.

– Бельгия мен Қазақстанның арасы географиялық жағынан алшақ болғанымен, мақсат-мұраттарымыз, амал-әрекеттеріміз және табандылығымыз тұрғысынан өте жақын елдерміз, – деді Король Филипп.

akorda.kz

БИЫЛҒЫ 9 АЙДА ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІМІ 4,2%-ДЫ ҚҰРАДЫ: ҮКІМЕТТЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылдың тоғыз айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

Жиында Ұлттық экономика, Қаржы, Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция, Өнеркәсіп және құрылыс, Энергетика, Көлік министрліктері басшыларының баяндамалары тыңдалды.

«Мемлекет басшысы Үкіметке экономиканың орнықты әрі сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді жұмыс істеуді тапсырды. Жыл соңына дейін 2,5 ай уақыт қалды. Мұнай секторының төмендеуіне қарамастан, биыл еліміздің экономикасы 4,2%-ға өсті. Бұл ретте шикізаттық емес сектор экономикалық өсімнің негізгі факторы болып қалып отыр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Құрылыс (өсім 11,5%), өңдеу өнеркәсібі (8,6%), көлік (7,2%), сауда (6,2%) және ауыл шаруашылығы (5,8%) салаларында оң динамика қалыптасты. Аталған салалардың жалпы ішкі өнімнің өсуіне қосқан жиынтық үлесі шамамен 80,5%-ды құрайды.

Премьер-министр осы бағыттарда өсу әлеуеті бұдан да жоғары, сондықтан қолда бар резервтерді толық іске қосу қажеттігін атап өтті. Оны өңдеу өнеркәсібі, ақпарат, байланыс, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларындағы жоғары инвестициялық белсенділіктен, сондай-ақ шикізаттық емес экспорт көрсеткіштерінен де байқауға болады.

Озық қарқынмен өскен экспорттың арқасында 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында төлем балансының ағымдағы шотында $2,4 млрд көлемінде профицит қалыптасты. Экономикалық өсім барынша теңгерімді әрі сапалы сипат алып келеді. Бұл еліміздің өндірістік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін негіз қалыптастыруда.

Сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық Банктің үйлесімді жұмысы инфляциялық қысымды төмендетуге мүмкіндік берді. 9 айдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция баяулап, 9,3%-ды құрады. Биыл басты міндет – инфляцияны 10%-дан төмен деңгейінде ұстап тұру.

Жалпы, тұрақты экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін Премьер-министр мемлекеттік органдар мен әкімдіктер алдына қажетті шараларды қабылдау бойынша бірқатар міндет қойды.

Бірінші. Өңдеу саласына, атап айтқанда металлургияға ерекше назар аударылды.

«Нақты секторды одан әрі дамыту үшін өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемін төмендетіп алмау маңызды. Металлургия экономикадағы көптеген салалардың негізгі тірегі. Сондықтан оның орнықты дамуын қамтамасыз етіп, қолда бар әлеуетті іске асыру бағытында тиісті шараларды қабылдау керек. Металлургиялық кәсіпорындарды шикізатпен толық қамтамасыз ету үшін шетелдік серіктестермен барлық келіссөздерді аяқтап, нақты қадамдарға кірісу қажет. Оның ішінде, өнімді жеткізу географиясын кеңейтуге де баса назар аударған жөн», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

-«Самұрық-Қазына» қоры мен Өнеркәсіп министрлігіне отандық металлургия кәсіпорындарын шикізатпен ұзақмерзімді қамтамасыз ету тетіктерін пысықтау тапсырылды.

-Сауда министрлігі отандық өнімді сыртқы нарықтарға жеткізу барысында кедергілерді азайту үшін қосымша шаралар қабылдауы қажет.

Қаржы министрлігі «көленкелі» айналымдағы өнімдердің әкелінуіне қарсы бақылауды күшейтуі керек. Тағы бір маңызды мәселе – қолданыстағы өндірістік қуаттарды толық жүктеу және жаңа жобаларды уақтылы іске қосу.

-Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірге өңдеу кәсіпорындарының жұмысына қажетті шикізат пен қосалқы бөлшектер тиелген контейнерлердің және вагондардың үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз ету тапсырылды.

-Геологиялық зерттеу бойынша Өнеркәсіп министрлігіне жыл соңына дейін геологиялық зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдерін аяқтап, нақты нәтижелерді ұсыну міндеті қойылды. Сондай-ақ жоспарланған 20,4 млн ш.м тұрғын үйді нақты пайдалануға беру құрылыс секторындағы басым міндет болып қала береді. Бұл ретте тұрғын үйлер қажетті инфрақұрылыммен және абаттандырумен қамтамасыз етіліп, қоныстануға толық дайын болуы тиіс.

-Өңір әкімдіктеріне жер телімдерін алдын ала әзірлеп, инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстарын жеделдету тапсырылды.

-Тұрғын үйді қаржыландыру тетіктерін жетілдіріп, азаматтар үшін тұрғын үй бағдарламаларының қолжетімділігін арттыру қажет.

-Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп, бастапқы жарна мөлшерін төмендету тетіктерін енгізуге қатысты қосымша ұсыныстар әзірлеуі қажет.

Екінші. «Мемлекет басшысы 2035-ші жылға қарай газдандыру деңгейін 80%-ға дейін жеткізуді тапсырды. Биыл бұл көрсеткіш 64,5%-ға жетуге тиіс. Энергетика министрлігіне «QazaqGaz» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту, магистральдық газ құбырларын уақтылы салу және газ саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру шараларын қабылдауды тапсырамын», — деп атап өтті Премьер-министр.Үшінші. Көлік министрлігінің алдына мүдделі мемлекеттік органдармен және компаниялармен бірге жоспарланған инфрақұрылымдық жобалардың уақтылы аяқталуын қамтамасыз етіп, жүк және транзиттік тасымал көлемін арттыру міндеті қойылды. Бұдан бөлек, Көлік және Қаржы министрліктері мемлекеттік органдармен бірге жүктердің мемлекеттік шекара арқылы өту мерзімдерін қысқарту, әкімшілік кедергілерді жою және бірыңғай цифрлық ілеспе құжаттарды енгізу бағытында нақты шаралар қабылдауы керек. Қосымша жүк айналымын қамтамасыз етіп, логистика орталықтарын дамытуға және қолданыстағы көлік дәліздерінің жүктемесін арттыруға ерекше назар аудару қажет.

Төртінші. «Биыл астық сапасы жоғары болады деп күтілуде. Ішкі және сыртқы астық нарықтарының сұранысын қамтамасыз ету үшін егін орағын уақтылы аяқтау маңызды. Өңір әкімдіктері Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, қолда бар элеваторлар мен астық қоймаларын толық жұмылдыруы қажет» , — деп атап өтті Олжас Бектенов.Мал шаруашылығында пайдалануға берілген тауарлы сүт фермалары бойынша сүт өндіру көлемін осы жылдың соңына дейін жобалық қуаттың кемінде 70% деңгейінде қамтамасыз еткен жөн екені аталып өтті. Өңір әкімдіктеріне Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары аясында жеңілдетілген несиелердің мақсатты әрі тиімді игерілуін қамтамасыз ету тапсырылды. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі қарқыны төмендеп кеткен сусындар өндірісінің өсімне қатысты қосымша резервтерді анықтап, жағдайды тұрақтандыру бойынша тиімді шаралар қабылдау қажет.

Бесінші. Сауда саласында Өңірлік жол карталарын жүзеге асыру жалғасуда. Әкімдіктерге оларды сапалы жүзеге асырып, тауар айналымын арттыру бағытында белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу тапсырылды.

«Сауда базарларын цифрландыру мәселесіне айрықша назар аудару қажет. Бүгінде елімізде 600-ге тарта базар жұмыс істейді. Олар микро және шағын бизнес үшін аса маңызды инфрақұрылым болып табылады. Цифрландыру кәсіпкерлік қызметті заңдастырып, салық базасын ұлғайту мақсатында базарлардың жұмысын айқын көруге мүмкіндік береді», — деп атап өтті Үкімет жетекшісі.

Сауда министрлігіне Жасанды интеллект министрлігімен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, цифрландыру үдерісін жеделдетіп, тиісті ақпараттық жүйе құру міндеті жүктелді.

Алтыншы. Үкімет жұмысының маңызды бағытының бірі болып жаңа инвестициялық циклды толыққанды іске қосу міндеті қала береді.

«Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық циклды толыққанды іске қосу үшін белсенді шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл бағытта ұзақмерзімді және технологиялық инвестициялар тартуға, өңдеу өнеркәсібін дамытуға және өнімді терең өңдеуге баса назар аудару керек. Жалпы қосылған құнды еселеп арттыратын серпінді жобаларға басымдық берілуге тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Инвестициялық саясат тұжырымдамасына сәйкес, алдағы 5 жылда инвестиция көлемін 2025 жылғы 23,5 трлн теңгеден 2030 жылы 67,8 трлн теңгеге дейін 3 есе ұлғайту көзделген. Осыған байланысты технологиялар мен құзыреттерді енгізіп, жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік беретін ірі инвесторларды іздеу және оларды елімізге тарту жұмысын күшейту керек. Бұл ретте «Инвестицияға тапсырыс» тетігін жетілдіру маңызды, ол Қазақстанның ұзақмерзімді стратегиялық мүдделеріне сай келетін әрі ғылымды арқау еткен жаңа буындағы өндірістердің драйверіне айналуға тиіс.

-Сыртқы істер министрлігіне Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, он күн ішінде «инвестицияға тапсырыс» тетігін түбегейлі жаңарту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу тапсырылды.

-Ұлттық экономика министрлігіне салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, екі апта мерзімде қосылған құны жоғары өнімдер шығаратын жобаларға инвестициялар тарту үшін қосымша ынталандыру шараларын пысықтау жүктелді.

Жетінші. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді игерілуін қамтамасыз ете отырып, қаржылық тәртіпті күшейтуі қажет. Әкімдерге қосымша кірістерді жұмылдырып, ішкі резервтерді барынша пайдалану тапсырылды. Бұл өңірлердің жоспардан тыс республикалық бюджет қаражатына тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сегізінші. Жалпы, негізгі макрокөрсеткіштер бойынша Түркістан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Маңғыстау, Қостанай, Ұлытау, Абай облыстарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында оң динамика қалыптасып отыр. Ал, Атырау, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды және Жетісу облыстарында екі индикатор бойынша төмен көрсеткіштер тіркелді. Аталған өңір басшылары жағдайды түзету үшін шұғыл шаралар қабылдауға тиіс.

«Біздің алдымызда экономиканың сапалы өсімін қамтамасыз ету міндеті тұр. Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін әрбір министр мен әкім барынша үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеп, тікелей жауапкершілік танытуға тиіс», — деп атап өтті Премьер-министр.Үйлестіру жұмыстары Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге жүктелді.

primeminister.kz

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУДЫҢ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ САЯБАҚТАР ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Жетісу облысында биыл «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында үш ауданда орталық саябақты жөндеу қолға алынды. Соның бірі Ақсу ауданында орналасқан, яғни Жансүгіров ауылындағы бұл нысанда қазір құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Орталық саябақтың күрделі жөндеуі келесі жылы аяқталуы тиіс. Бұл туралы аудан тұрғындарымен кездесуі кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің айтуынша, биыл Қаратал, Көксу және Ақсу аудандарында саябақтарды жөндеу қолға алынған.



- Жансүгіров ауылындағы қараусыз қалған, жалпы алаңы 21 гектар алқапты алып отырған саябақты екіге бөлуге шешім қабылдадық. 10 гектарын демалыс орнына қалдырып, қалғанына ауданға қажетті заман талабына сай стадион салуды жоспарлап отырмыз. Саябақты күрделі жөндеу жүргізуге биыл жергілікті бюджеттен бастапқы қаржы бөлінді. Қалған қаражатты келесі жылы қарастырамыз. Саябақтың құрылысын келесі жылы аяқталуы тиіс. Стадионның жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда. Құжаттарын дайындап, тиісті өтінім ұсыну қажет. Аудан әкіміне аталған жұмыстарды қатаң бақылауға алуды тапсырамын», - деді Б. Исабаев.

Өңір басшысы ақсулықтармен кездесуінде «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру барысында көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу, балалар мен спорт алаңдарын салу және абаттандыру бойынша бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Мәселен, Ақсу ауданында биыл 13 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті мен шатыры жөнделуде, тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру жұмыстары толығымен аяқталды. Ал өткен жылы Матай, Қызылағаш Жансүгіров ауылдарындағы 16 үйдің шатыры мен қасбеті, аулалары жаңарған болатын. Сол сияқты 2025-2026 жылдары Матай, Көлтабан, Көшкентал, Алтынарық, Сағабүйен ауылдарында 40 шақырымнан астам электр желісі тартылып, 1300-ден астам дана көше жарық шамдары орнатылды.

Жансүгіров ауылында тұрғын үйлері абаттандырылған тұрғындар пікір білдірді.

- Бұрын біз тұратын көпқабатты үйлер жүдеу тартып, сырты тозып тұрған. Қазір абаттандырудың арқасында қабырғасы жаңарып, шатыры ауыстырылды. Жаңа үйден кем емес болды. Осы шараларды атқаруға атсалысқан азаматтардың бәрен алғыс айтамыз, - деді Мұратхан Жұманов.Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ: «АҚСУ АУДАНЫНЫҢ 31 АУЫЛЫНА ГАЗ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БИЫЛ БАСТАЛАДЫ»



Биылғы жылдың соңына дейін Жетісу облысында табиғи газбен қамтылған адам саны 518 мыңға жетеді. Бұл ретте Ақсу ауданының 31 ауылына газ тарту жұмыстары биыл басталады. Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 84 елді мекенді газдандыру жобалары аяқталғаннан кейін өңірді газдандыру деңгейі 93,8%-ға жетеді. Бұл туралы Ақсу ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының сөзіне сүйенсек, облыс құрылғанға дейін тек 5 елді мекен немесе халықтың 27%-ы ғана газ тұтынған болатын. Бүгінде Кербұлақ ауданынан Панфилов ауданын қоса алғанда, Талдықорған қаласына дейінгі 110 елді мекен табиғи газға қосылған, жыл соңына дейін тағы 16 ауылда жұмыстар аяқталады. Соның нәтижесінде бұл көрсеткіш 74%-ға жетеді.

- Өткен жылы «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы аяқталып, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының елді мекендерін табиғи газбен қамту үшін жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленді. Биыл осы жұмыстарды бастауға Инфрақұрылымды дамыту қоры арқылы қаржы қарастырылды. Соның ішінде Ақсу ауданының 31 ауылында газ тарту жұмыстарын биыл бастаймыз, келесі жылы аяқталады - деді Бейбіт Исабаев.

Сол сияқты кездесу кезінде өңір басшысы ауыз сумен қамту мәселесіне де тоқталды. Биыл облыста 11 елді мекенде жұмыстар жүргізілуде, жыл соңына дейін 8 елді мекенде аяқталады, 3 елді мекендегі жұмыстар келесі жылға өтпелі. Соның ішінде Ақсу ауданында орталық ауыз сумен қамту көрсеткіші - 99,7%. Биыл Бәйтерек, Алтынарық, Қопа, Ақтоған ауылдарындағы су құбырын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл ретте Бейбіт Исабаев Жансүгіров ауылынның тұрғындары үшін 3 ұңғымадан су алынып отырғандықтан, мекеменің электр энергиясын тұтыну шығындарын азайту мақсатында және тұрғындарды үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін келесі жылы облыстық бюджеттен тиісті қаражат қарастырылып, күн панельдерін орнату жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Атап өтсек, қазіргі таңда облыстағы елді мекендердің 93% таза ауыз сумен қамтылған.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков, Жеңіс Ысқабай

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДАРДЫҢ ЖАҚСЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҮЛЕСІ 96%-ҒА ЖЕТЕДІ



Жетісу облысында жол инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл соңына дейін облыстық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 96%-ға жетеді. Бұл – республикадағы жоғары көрсеткіштердің бірі. Ақсу ауданында да жол инфрақұрылымының сапасы айтарлықтай жақсарған. Соңғы үш жылда ауданда облыстық маңызы бар 180,2 шақырым жол жөнделіп, 13 елді мекендегі 49 көше жаңартылды, 5 ауылда көше жарығы орнатылды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудан тұрғындарымен кездесу барысында айтты, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық маңызы бар «Талдықорған – Үштөбе» (40 шақырым) және «Ақсу – Жаңалық» (22 шақырым) автожолдарын жөндеу жұмыстары аяқталды.

- «Жансүгіров - Матай» автожолының Ақсуға дейінгі учаскесінде 30 шақырым жолға толықтай асфальт төселді. «Ақсу - Ойтоған» және «Ақсу - Қаракөз» автожолдарын жөндеу жұмыстары жалғасуда. Олар келесі жылы толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге де жыл сайын ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, биыл Жансүгіров ауылында 9 көше жөнделді. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасады, - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, былтыр облыстық маңызы бар Егінсу, Алтынарық ауылдарына кіреберіс автожолдар, сондай-ақ «Алматы - Өскемен» тасжолынан Қапал ауылына дейінгі 26 шақырым жол учаскесі жөнделді.

Сонымен қатар өңірде республикалық маңызы бар «Алматы - Өскемен» автожолының Алматы облысының шекарасынан Талдықорған қаласына дейінгі учаскесінде және қаланың айналма жолдарында жалпы ұзындығы 159 шақырымды құрайтын орташа және күрделі жөндеу жобалары жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда 103 шақырым жолда жұмыс аяқталды, қалған учаскелердегі жөндеу жұмыстары келесі жылы жалғасады.

Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ – ЭТО БОРЬБА ЗА БУДУЩЕЕ НАШЕЙ СТРАНЫ



Коррупция является одной из наиболее серьезных угроз развитию общества. Она подрывает доверие граждан к государству, разрушает правовую систему и моральные нормы, и оказывает разрушительное воздействие на экономику и социальное развитие. Борьба с коррупцией становится неотъемлемой частью усилий многих стран, стремящихся обеспечить устойчивое и процветающее будущее для своих граждан.

Коррупция охватывает различные сферы общества, начиная от мелких повседневных проявлений, таких как взятки и подкуп, и заканчивая крупными коррупционными схемами в государственных учреждениях и бизнесе. Это угрожает нормальному функционированию экономики и социальной справедливости. В условиях коррупции ресурсы не используются эффективно, что приводит к неравенству и бедности.

Коррупция разрушает доверие граждан к правительству и институтам власти. Когда люди видят, что деньги и власть используются для личной выгоды, они теряют веру в справедливость и честность системы. Это может привести к политической нестабильности и даже к социальным конфликтам.

Коррупция имеет серьезное воздействие на экономику. Она препятствует развитию предпринимательства, отпугивает инвесторов и снижает конкурентоспособность страны. Когда коррупция процветает, ресурсы направляются не на те проекты, которые могли бы способствовать росту экономики, а на удовлетворение интересов коррумпированных чиновников и предпринимателей.

Коррупция подрывает правовую систему, так как она позволяет коррумпированным чиновникам и бизнесменам избегать наказания за свои действия. Это ведет к безнаказанности и укрепляет культуру безответственности, что дополнительно усиливает коррупцию.

Борьба с коррупцией – это важнейшее условие для обеспечения устойчивого и процветающего будущего нашей страны. Коррупция угрожает правопорядку, экономике и обществу в целом. Поэтому каждый гражданин должен активно участвовать в этой борьбе, чтобы обеспечить честное и справедливое будущее для всех..

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУДА «ЖЕТІСУДЫҢ 7 ҚАЗЫНАСЫ: ТАМШЫБҰЛАҚ» АТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ӨТТІ



Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында «Жетісудың 7 қазынасы: Тамшыбұлақ» экологиялық акциясы өтті. Акцияға қатысушылар Ақсу ауданындағы әйгілі Тамшыбұлақ бұлағының маңына 35 шырша отырғызып, өңірдің табиғи және тарихи-мәдени көрікті жерлерін насихаттауға бағытталған облыстық жобаны бастап берді. Ағаш отырғызу шарасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай ұйымдастырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Іс-шараны «Jetisy jastary» КММ ұйымдастырды. Ағаш отырғызу жұмыстарына Қапал орман шаруашылығының қызметкерлері де қатысты.

«Jetisy jastary» директоры Арнай Байжұрыновтың айтуынша, жоба көрікті жерлердің тазалығын сақтауға, тарихи мұраны насихаттауға және облыстың көрікті орындарына деген қызығушылықты арттыруға бағытталған. Іс-шара бағдарламасы аясында келушілерге бұлақтың тарихы мен мәдени құндылығын таныстырылды.

Акцияға қатысушылардың бірі, Қапал кәсіптік-техникалық колледжінің 1-курс студенті Диана Абуталипова әсерін бөлісті. Ол бұл іс-шараның түрлі мәдениет өкілдері мен әр буынның басын қосқанын айтады. Сондай-ақ ол туған ауылының біртіндеп көркейіп, абаттанып, туристер үшін тартымды бола түскенін атап өтті.

- Отырғызылған шыршалар уақыт өте келе табиғи ландшафтың бір бөлігіне айналады әрі біздің бірлесіп жасаған еңбегімізді еске салып тұрады. Мұндай бастамалар табиғатқа қамқорлық нақты істерден басталатынын көрсетіп берді. Ал табиғи мұраны сақтау әр адамның атсалысуын қажет етеді, - деді ол.

«Жетісудың 7 қазынасы» жобасы арқылы Жетісудың табиғи және тарихи ескерткіштерін насихаттау жұмысы жалғастырылады. Жобаның басты мақсаты - туған өлкенің байлығына қоғам назарын аударып, келер ұрпаққа аманат етіп қалдырылатын мұраларымызға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын түзді. Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті. Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал. Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет. Қалай десекте, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс. Демек, Әдеп кодексі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірбиесін сала отырып, адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

2026 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАРАШАҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының 14) және 15) тармақшаларына және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 13 қазан 2026 жылғы № 60/99 қаулысына сәйкес Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Ескелді аудандық мәслихаты депутаттарын кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Р. Жексенбеков
Хатшы Д. Турдиева

13 қазан 2026 жыл № 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілді органдар.

Мәслихаттар депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең тәуелсайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың;

сотталғандығы заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адамның;

сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен танған адамның сайлануға құқығы жоқ.

Астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша депутаттардың жартысы, екінші жартысы - бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Аудандар мен қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Мәслихаттар депутаттығына:

- партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

- бірмандатық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсынылып алмайды.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

О ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

29 ноября 2026 года состоятся внеочередные выборы депутатов маслихатов Республики Казахстан.

Маслихаты – местные представительные органы, выражающие волю населения, соответствующих административно-территориальных единиц и определяющие меры необходимые для её реализации, а также контролирующие их осуществление. Срок полномочий депутатов маслихатов – пять лет.

Депутаты маслихатов избираются на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.

Депутатом маслихата может быть избран гражданин Республики Казахстан, достигший 20 лет. Не имеют права быть избранными граждане, признанные судом недееспособными, а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда; лица, имеющие судимость, которая не погашена или не снята в установленном законом порядке; лица, вина которых в совершении коррупционного преступления и коррупционного правонарушения в установленном законом порядке признана судом.

Депутаты маслихатов столицы, областей и городов республиканского значения избираются по смешанной избирательной системе. По системе пропорционального представительства по территориии единого территориального избирательного округа избирается половина депутатов, другая половина - по одномандатным территориальным избирательным округам.

Депутаты маслихатов районов и городов избираются по одномандатным территориальным избирательным округам.

Право выдвижения кандидатов в депутаты маслихатов принадлежит:

- избираемых по партийным спискам – политическим партиям;

- избираемых по одномандатным территориальным избирательным округам – политическим партиям, общественным объединениям, а также их структурным подразделениям (филиалам и представительствам) в случае, если соответствующее полномочие предусмотрено в уставе, и гражданам путем самовыдвижения.

К регистрации по территориальному избирательному округу допускается только один список от одной политической партии, в котором количество женщин и молодежи по совокупности должно составлять не менее тридцати процентов от общего числа включенных в него лиц.

Никто не может быть выдвинут кандидатом более чем в одном избирательном округе.

Территориальная избирательная комиссия Ескельдинского района

2026 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАРАШАҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық, округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей

2026 жылғы 23 қазаннан кешіктірмей

(14-б. 6) т., 22-б.)

2. Аумақтық, округтік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей

2026 жылғы 23 қазаннан кешіктірмей

(13-б. 4-т., 15-1-б. 3-т.)

3. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының әкімі

Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзім ішінде

2026 жылғы 28 қазаннан кешіктірмей

(23-б. 5-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей

2026 жылғы 28 қазаннан кешіктірмей

(17-б. 2-т.)

5. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ескелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тиісті округтік сайлау комиссиясына заңнамада көзделген құжаттарды ұсыну.

Азаматтар өзін-өзі ұсыну жолымен және саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы

2026 жылғы 14 қазанда басталады және 27 қазанда сағат 18:00-де аяқталады

(103-б.)

6. Ескелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау.

Тиісті округтік сайлау комиссиялары Көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін

(102-б., 103-б. 6-т.)

7. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) Тіркелгенге дейін

(104-б. 2-т.)

8. Ескелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу.

Тиісті округтік сайлау комиссиялары 2026 жылғы 14 қазанда басталады және 1 қарашада сағат 18:00-де аяқталады

(104-б.)

9. Ескелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттаманы Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну.

Тиісті округтік сайлау комиссиялары Тіркелген күннен бастап бес күндік мерзімде

(104-б. 5-т.)

10. Ескелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Тиісті округтік сайлау комиссиялары Тіркелгеннен кейінгі жетінші күннен кешіктірмей

(104-б. 6-т. 1-тт, 6-1-т. 1-тт.)

11. Кандидаттардың ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу. Тиісті округтік сайлау комиссиялары

Сенім білдірілген адамдардың тізімі тіркеуге ұсынылғаннан кейін

(14-б , 8-тт.), 16-1-т. 6-тт., 31-б.)

12. Кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) декларацияланған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің анықтығын тексеру.Мемлекеттік кіріс органдары.Кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде

(104-б. 2-т.)

13.Кандидаттардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу.

Тиісті сайлау комиссиялары

Кандидат, партиялық тізім тіркелгеннен кейін

(34-б. 6-т.)

14. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттардың арнаулы шоттарына қаражаттың түсуі және олардың жұмсалуы туралы есептерді жариялау.

Тиісті сайлау комиссиялары

Айына екі рет

15. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды айқындау, оларды жарақтандыру және ақпаратт андыру.

Жергілікті атқарушы орган және Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Үгіт басталғанға дейін, 2026 жылғы 1 қарашаға дейін

(28-б. 6-т.)

16. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.

Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады

2026 жылғы 1 қарашада сағат 18.00-ден кейін басталады және 2026 жылғы 28 қарашада нөл сағатта аяқталады

(27-б. 2-т.)

17. Кандидаттарға (жүгінген кезде) сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру, бөлінген үй-жайларда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Жергілікті атқарушы орган және Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде

(28-б. 4-т.)

18. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну.

Ескелді ауданының әкімі

Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын

2026 жылғы 8 қараша

(26-1 б. 1-т.)

19. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін өздері туралы деректермен танысу үшін сайлаушыларға ұсыну.

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда

2026 жылғы 13 қарашадан бастап

(26-б. 1-т.)

20. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету.

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей

2026 жылғы 18 қарашаға дейін

(18-б. 5) т., 38-б., 2-т.)

21. Жекелеген сайлау учаскелерінде дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеу және бұл туралы шешімді сайлаушыларға жеткізу.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау күніне дейінгі он күннен ешіктірмей

2026 жылғы 18 қарашаға дейін

(38-б. 1-т., 3-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Үш күннен ерте емес және сайлауға дейінгі бір күннен кешіктірмей

2026 жылғы 26 қарашадан ерте емес және 28 қарашаға дейін

(37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда сағат 06:00-де

(40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу

Учаскелік сайлау комиссиялары

Сайлау күні, егер дауыс берудің басқа уақыты белгіленбесе, сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін

(38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде Есклді аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары

Егер дауыс беру уақыты өзгермесе, сағат 20:00-де басталады және дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап 12 сағаттан аспауға тиіс

(18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу.

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу

(43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды округтік сайлау комиссиясына ұсыну.

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу

(108-б. 1-т.)

28. Округ бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну.

Округтік сайлау комиссиялары

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу

(108-б. 1-т.)

29.Ескелді аудандық мәслихатының депутаттарын сайлаудың нәтижелерін белгілеу.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткен күннен кейін екі күндік мерзімнен кешіктірмей

2026 жылғы 30 қарашадан кешіктірмей

(14-б. 9) т, 44-б. 2-т., 108-б., 3-т)

30.Ескелді аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау қорытындыларын анықтау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей

2026 жылғы 3 желтоқсаннан кешіктірмей

(111-б. 1-т.)

31. Ескелді аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей

2026 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей

(14-б. 9) т., 44-б. 4-т. 2) т.)

32. Сайланған Ескелді аудандық мәслихатының депутаттарын тіркеу және әрбір депутатқа куәлік пен төсбелгі тапсыру.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

(14-б. 9) т., 46-б. 3-т., 1) т., 112-б. 1-т.)

33. Тиісті сайлау комиссиясына сайлау қорлары қаражатының пайдаланылуы туралы есептер беру.

Кандидаттар

Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін он күннен кешіктірмей

(36-б. 2-т.)

34.Кандидаттардың сайлау қорларына келіп түскен ақшаның жалпы сомасы және олардың көздері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Ескелді ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде

(34-б. 4-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кітап оқу мәдениетін дамыту, зерделі ұлт қалыптастыру және шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында, 2026 жылы «Кітап оқитын ұлт» жобасын еліміздің барлық өңірлерінде кең көлемде жүзеге асыру жоспарланды. «Кітап оқитын ұлт» жобасы – Қазақстан Республикасы халқының арасында тұрақты кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, сыни және талдамалық ойлауды дамытуға, сондай-ақ кітапты барлық жас және әлеуметтік топтар арасында білім көзі ретінде танымал етуге бағытталған ауқымды зияткерлік-ағартушылық бастама. Аталған жоба өңір тұрғындарының мәдени және рухани дамуына оң әсерін тигізіп, кітапханалардың, білім беру және мәдениет ұйымдарының қызметін жандандыруға, сондай-ақ қоғамда білім мен кітап құндылығын дәріптеуге мүмкіндік береді. Ескелді аудандық кітапханасының қызметкерлері аудандық прокуратураның қызметкерлерімен, аудандық полиция бөлімінде, 18386 әскери бөлімінде, аудандық ауруханасына барып, медицина саласының қызметкерлері арасында ақпараттық акция өткізді. Акция барысында марафонның мақсаты мен міндеттері таныстырылып, қатысу тәртібі түсіндірілді. Марафонның сайты таныстырылып, қатысушыларды сайтқа тіркеу жұмыстары жүргізілді. Тіркелу барысында қатысушыларға сайтқа кіру, қажетті мәліметтерді енгізу және марафонға қатысу үшін өтінім рәсімдеу жолдары көрсетілді. Сонымен қатар марафонға ұсынылған кітаптар туралы ақпарат беріліп, кітап оқудың адам өміріндегі маңызы мен рухани-танымдық мәні насихатталды. «Кітап оқитын ұлт» жобасын іске асыру мақсатында «Кітап оқитын ұлт» республикалық кітап оқу марафоны 2026 жылдың қыркүйегінен басталып, 2027 жылдың наурыз айында аяқталады. Осы аралықта қатысушылар әр бағыт бойынша таңдап алып, 15 кітапты оқып шығады.

Бүгінде кітап оқуды насихаттау – уақыт талабы. Өйткені білімді, саналы, сыни ойлай алатын азаматтар елдің дамуына үлес қосады. Кітап арқылы адам тарихты таниды, ғылымның жаңалықтарын меңгереді, өзге халықтардың мәдениетімен танысады. Ал осындай ізденіске ұмтылған азаматтардан құралған қоғамның мүмкіндігі де мол болады. Демек, кітап оқу – жеке тұлғаның жетілуіне ғана емес, елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға да бастайтын жол. Әрине, кітап оқитын ұлт қалыптастыру бір күнде жүзеге асатын шаруа емес. Ол үшін отбасынан бастап білім беру ұйымдарына, кітапханалар мен қоғамдық институттарға дейін ортақ мақсатқа жұмылуы қажет. Ең бастысы, кітап оқуды белгілі бір науқанның шеңберінде ғана емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру керек. Күніне бірнеше бет оқудың өзі уақыт өте келе үлкен білім қорына, бай дүниетанымға және қалыптасқан оқу дағдысына ұласады.

Сайлаубекова Яна,
Ескелді аудандық кітапханасының кітапханашысы

ЕЛГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА

Зылиха Жанболатқызы Тамшыбаева – Жетісу өңірінің тарихында өзіндік із қалдырған көрнекті еңбек адамы, ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы, Социалистік Еңбек Ері. Ол өзінің саналы ғұмырын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауыл шаруашылығының өркендеуіне және халықтың тұрмысын жақсартуға арнаған. Еңбек жолын Қоғалы ауылында кітапхана меңгерушісі болып бастаған ол кейін ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Сауыншы, бригадир, тауарлы-сүт фермасының меңгерушісі сияқты қызметтерді атқарып, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. 1963–1969 жылдары Шанханай ауылдық кеңесінің төрайымы, 1969–1970 жылдары Киров аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1971 жылдан бастап Зылиха Тамшыбаева «Еңбекші» кеңшарын басқарды. Ол шаруашылықты ұзақ жылдар бойы біліктілікпен басқарып, оның өндірістік қуатын арттыруға, елді мекеннің инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға үлкен үлес қосты. Оның басшылығы кезінде ауылда тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар салынып, көшелер абаттандырылды. «Еңбекші» кеңшары өңірдегі алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың біріне айналды. Зылиха Тамшыбаеваның ел алдындағы еңбегі жоғары бағаланды. 1981 жылы оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол екі мәрте Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, «Парасат», «Құрмет» ордендерімен марапатталған. Зылиха Жанболатқызы тек шаруашылық басшысы ғана емес, халықтың қамын ойлаған ел анасы ретінде де танылды. Ол ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөліп, көпбалалы отбасыларға, жастарға және еңбек адамдарына қолдау көрсетті. Замандастары оның талапшылдығын, іскерлігін, қарапайымдылығы мен адамгершілігін ерекше бағалаған. Ескелді ауданы Ешкіөлмес ауылдық кітапханасында Зылиха Тамшыбаеваның туғанына 90 жыл толуына орай оқырмандар арасында «Тарихи тұлға – Зылиха Тамшыбаева» атты тәрбие сағаты өткізілді. Зылиха Жанболатқызының ғибратты ғұмыры жас ұрпақты еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, жауапкершілікке және туған жерді қадірлеуге тәрбиелейді. Сондықтан оның есімін ұлықтау – өткенге тағзым ғана емес, болашақ ұрпаққа өнеге көрсету. Жетісу жұртшылығы Зылиха Тамшыбаеваны еңбекке адалдықтың, елге қызмет етудің және іскерліктің үлгісі ретінде құрметтейді. Оның өмір жолы – жас ұрпаққа үлкен өнеге. Бүгінгі таңда оның есімімен ауыл аталып, туған жерінде тұлғаның өмірі мен еңбегін насихаттайтын түрлі мәдени-ағартушылық шаралар өткізіліп келеді. Зылиха Тамшыбаева – қазақ әйелдерінің арасынан шыққан қайсар да іскер тұлғалардың бірі. Ол қиындыққа мойымай, маңдай терімен еңбек етіп, елдің құрметіне бөленді. Зылиха Тамшыбаеваның есімі – Жетісу тарихындағы еңбек ерлігінің жарқын беттерінің бірі.

Мұратбек Диана,
Ешкіөлмес ауылдық кітапханасының кітапханашысы

РУХАНИ ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕГЕН ҒҰЛАМА

Қазақ халқының рухани тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи.

Ол – түркі дүниесінің рухани ұстазы, сопылық ілімнің көрнекті өкілі, адамзатты имандылыққа, ізгілікке, сабыр мен қанағатқа үндеген ғұлама.

Оның ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұрасы бүгінгі күні де өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Қайта адамгершілік құндылықтарды жаңғырту, жас ұрпақтың бойына рухани тазалық пен адалдық қасиеттерін сіңіру мәселесі өзекті болған заманда Ясауи ілімінің маңызы арта түсуде. Қожа Ахмет Ясауи шамамен XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың басында дүниеге келген.

Өмірі мен қызметі Түркістан өңірімен тығыз байланысты болған ғұлама түркі халықтарының рухани дүниесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Оның есімі ең алдымен «Диуани хикмет» атты әйгілі шығармасымен байланысты.

Бұл туындыда адам болмысы, иман, әділет, мейірім, нәпсіні тыю, дүниеге қызығушылықтан арылу және рухани кемелдену мәселелері кеңінен қозғалады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің өзегінде адамның ішкі дүниесін тазарту, жүрегін ізгілікке бағыттау идеясы жатыр.

Ғұлама үшін рухани кемелдік сыртқы көріністен немесе құр сөзбен өлшенбейді. Ол адамның ниетінен, мінезінен, іс-әрекетінен және өзгелерге деген қарым-қатынасынан көрінеді.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасы – түркі халықтарының рухани-әдеби мұрасындағы құнды туындылардың бірі.

Хикметтерінде ғұлама адамды имандылыққа, адалдыққа, кішіпейілділікке және мейірімділікке шақырады. Ол өмірдің өткіншілігін еске сала отырып, адам баласын уақытын ізгі іске жұмсауға, өз ар-ұжданы алдында таза болуға үндейді.

Ғұламаның хикметтері ғасырлар бойы халық арасында кең таралып, ұрпақ тәрбиесіне ықпал етті. Оның өсиетке толы ойлары адамдарды өзін-өзі тануға, мінезін түзетуге, жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ажыратуға үйретеді.

Сондықтан «Диуани хикметті» тек тарихи-әдеби шығарма ретінде емес, адамгершілік құндылықтарды зерделеуге мүмкіндік беретін рухани мұра ретінде де бағалауға болады.

Қожа Ахмет Яссауидың еңбектері мен шығармаларын насихаттау барысында Матай Байысов ауылдық кітапханасының кітапханашысы Т. Рүстембеков атындағы орта мектеп оқушылары арасында тағылымды тарихи сағат өткізді.

Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы адамды ар-ұятты биік ұстауға, жүрегін ізгілікке бұруға, нәпсісін тәрбиелеуге және өзгеге жақсылық жасауға шақырады.

Оның ілімі ғасырлар бойы адамдарға рухани бағыт-бағдар беріп, түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымында маңызды орын алды.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасын дәріптеу – өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі өмірімізге рухани бағдар алу. Ғұлама хикметтерінің тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны күнделікті тіршілігімізде жүзеге асыру арқылы біз рухани бай, адамгершілігі жоғары қоғам қалыптастыруға үлес қоса аламыз.

Р.Досымбекова,
М.Байысов ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ӘН МЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР



Қоңыр ауылдық клубының жанынан құрылған "Қоңыржай" ардагерлер ансамблінің есептік концерті өтті. Өмірдің талай белесінен өтіп, өнегелі жолымен кейінгі ұрпаққа үлгі болып жүрген ардагерлеріміздің өнері қашанда құрметке лайық. Өнерді өміріне серік еткен ардагерлеріміздің бұл концерті көрермендерге көңіл күй сыйлап, ән мен әуенге толы ерекше кешке айналды. Өнер ұлттың рухани байлығы- ал әнжүректің үні.

Әсіресе, өмірлік тәжірибесі мол, елге еңбегі сіңген ардагерлердің өнер көрсетуі кейінгі ұрпаққа өнеге.

"Қоңыржай" ардагерлер ансамблінің әрбір орындаған әндерінің астарында өмір тәжірибесі, сағыныш, қуаныш пен туған елге деген сүйіспеншілік сезімі жатты. Халық әндері мен дәстүрлі әуендерден нәр алған өнерпаздар өздерінің шынайы орындаушылық шеберліктерімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Бұл ансамбль ауылдың мәдени өміріне үлес қосып, өнердің өрісін кеңейтіп жүрген шығармашылық ұжым десекте болады. Ансамбль мүшелерінің сахнадағы жарасымды өнері, ұйымшылдығы, белсенділігі аға буынның рухани байлығын айқындай түсті. Олардың өнерге деген құштарлығы- жас ұрпаққа үлгі, ал әнге деген адалдығы мен өмірге деген құштарлықтарының белгісі. Өнерлі ардагерлердің басын біріктірген ансамбльдің әрбір концерті-ауыл мәдениетінің мерейін өсіріп, көпшілікке қуаныш сыйлайтын маңызды оқиға. Есептік концерт соңында өнерпаздарға алғыс айтылып, шығармашылық табыс пен зор денсаулық тілегін білдірген көрермендер көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Әндеріңіз әуелеп, өнерлеріңіз өрлей берсін "Қоңыржай!" Өнерлің өнегелі жолынан таймай, ауылымыздың мәдени өміріне әлі де талай жарқын сәттер сыйлай беріңіздер!

Ж.Умирбекова,
Қоңыр ауылының тұрғыны.

СӨЗ ЖЫРШЫСЫ АТАНҒАН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



Қазақтың кең даласын жырымен тербетіп, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ұлы тұлғалардың бірі – Жамбыл Жабаев. Ол – ғасырдан ғасырға жалғасқан жыраулық дәстүрдің заңды жалғастырушысы, айтыс өнерінің асқар шыңы, халық поэзиясының көрнекті өкілі. Биыл жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – бір ақынның өмір жолын еске алу ғана емес, ұлттық сөз өнерін ұлықтап, рухани мұрамызды жаңғыртатын маңызды белес. Жамбыл Жабаев 1846 жылы дүниеге келген. Ол бала кезінен өлең-жырға құмар болып, домбыраға әуестеніп, ақындық өнерге ерте ден қойған. Оның шығармашылық жолында халықтың ауыз әдебиеті, жыраулық дәстүр, ел тарихы мен тұрмыс-тіршілігі ерекше орын алды. Жамбылдың ақындық дарыны мен суырыпсалмалық қабілеті оны елге ерте танытып, уақыт өте келе қазақ поэзиясының биік тұлғасына айналдырды. Жамбыл Жабаевтың ерекшелігі – оның өлеңді табан астында төгіп айтуында, тыңдаушының көңіл күйін дөп басып, ойды өткір де әсерлі жеткізе білуінде. Ол домбырасын қолына алып, ел алдында суырыпсалма жырларымен танылған. Айтыс өнерінде қарсыласының сөзін ұтымды қағытпамен қайтарып, тапқырлығымен, шешендігімен дараланды. Ақын шығармаларында елдік пен ерлік, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен адамгершілік мәселелері кеңінен көрініс тапты. Ол халықтың тұрмысын, қуанышы мен қайғысын, арман-тілегін жырға қосты. Сондықтан Жамбыл поэзиясы – жеке адамның сезімін ғана емес, тұтас халықтың рухын танытатын көркем мұра. Жамбылдың айтыстары мен толғаулары қазақтың ауызша әдеби дәстүрінің байлығын көрсетеді. Оның сөз саптауындағы табиғилық, бейнелі теңеулер мен өткір ойлар тыңдаушыны баурап, өлеңнің қоғамдық күшін танытады. Ақын үшін сөз – жай ғана көркемдік құрал емес, елдің мұратын жеткізетін, адамды ойландыратын, жақсылыққа бастайтын рухани күш. Ақынның шығармалары уақыт өте келе әртүрлі кезеңнің әдеби-мәдени кеңістігінде бағаланып, халық жадында сақталды. Оның жырларында туған жерге сүйіспеншілік, елге адалдық, адамдық қасиеттерді құрметтеу секілді ұғымдар айқын көрініс табады. Мұндай құндылықтар қай дәуірде де өз маңызын жоғалтпайды. Ақынның жырларын оқырман арасында кеңінен насихаттау аясында Шымыр ауылдық кітапханасында Жамбыл Жабаев "Сөз жыршысы" атты өнертану сағаты өткізілді. Жамбыл Жабаевтың есімі қазақ әдебиетінің тарихында ғана емес, халықтың рухани жадында да ерекше орын алады. Оның шығармалары мектеп бағдарламаларында оқытылып, әдеби кештер мен мәдени іс-шараларда насихатталып келеді. Ақынның өмірі мен өнері жас ұрпаққа сөз қадірін түсінуді, туған тілді құрметтеуді, ел тарихын тануды үйретеді. Сөз өнерін өмірлік серік етіп, жырын халқына арнаған Жамбыл Жабаевтың есімі уақыт өткен сайын жаңғырып, ұлт жадында сақтала бермек. Оның мұрасы – өткеннің шежіресі ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағыт беретін рухани бағдар.

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойын атап өту – бұл өткенге тағзым ету ғана емес, келешек ұрпақтың бойына ұлттық рухты, отансүйгіштік пен адамгершілік қасиеттерді сіңірудің басты жолы.

А.Иликбаева,
Шымыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы

НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АУДАНДЫҚ ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылғы 9 қазан күні Алдаберген ауылдық округінде Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың 120 жылдық мерейтойына орай аудандық деңгейде волейболдан спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Аталған жарыстың басты мақсаты – елге еңбегі сіңген көрнекті тұлға Нұрмолда Алдабергеновтің өнегелі өмір жолын насихаттау, салауатты өмір салтын дәріптеу, тұрғындарды спортқа тарту және бұқаралық спортты дамыту.

Жарысқа ауданның әр елді мекенінен командалар қатысып, өзара тартысты ойын көрсетті. Волейболшылар жарыс барысында жоғары дайындықтарын, шеберліктері мен командалық ұйымшылдықтарын танытып, әр кездесуде жеңіске деген жігерлерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша:
I орын – «Ескелді жастары» командасы
II орын – «Көктөбе» командасы
III орын – Алдабергенов ауылының командасы

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Үздік командалар «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктармен, медальдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар, жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты тарапынан ақшалай сыйлықтар табысталды.

Спорттық дода жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Командалар арасындағы өзара сыйластық пен достық қарым-қатынас жарыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі болды.

Нұрмолда Алдабергеновтің 120 жылдық мерейтойына арналған осындай тағылымды спорттық шаралар – тарихи тұлғаның есімін ұлықтап, оның елге сіңірген еңбегін жас ұрпаққа үлгі етуге зор мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылар жарысқа қатысқан барлық командаларға алғыс білдіріп, спортшыларға мықты денсаулық, толағай табыс және алдағы жарыстарда жеңіс тіледі.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

ҚАЙНАРЛЫ АУЫЛЫНДА ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



2026 жылғы 8 қазан күні Қайнарлы ауылдық округінде 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай аға буын өкілдеріне құрмет көрсету мақсатында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында ауылдың ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелеріне жылы лебіздер айтылып, ізгі тілектер білдірілді.

Қатысушыларға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылып, әндер шырқалып, ұлттық ойындардың бірі – дойбыдан жарыс өткізілді.

Мерекелік басқосуда қазыналы қариялардың кейінгі ұрпаққа берер ақыл-кеңесі мен өмірлік тәжірибесінің маңызы ерекше екені атап өтілді. Аға буынға құрмет көрсету – халқымыздың ежелден қалыптасқан асыл дәстүрі.

Қариялардың өнегесі мен батасы – жас ұрпақ үшін баға жетпес рухани мұра.

Іс-шара соңында барлық қарияларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық пен береке тілеп, сый-құрмет көрсетілді.

Қарияларымыз аман болып, ақ баталары мен өнегелі сөздері ұрпаққа жол көрсете берсін!

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылғы 9 қазан күні Алдаберген ауылдық округінде Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың 120 жылдық мерейтойына орай облыстық деңгейде футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Аталған спорттық шараның басты мақсаты – елге еңбегі сіңген көрнекті тұлға Нұрмолда Алдабергеновтің өмір жолы мен еңбегін насихаттау, жастарды спортқа баулу, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жарысқа облыстың әр өңірінен келген командалар қатысып, жасыл алаңда өзара бақ сынасты. Спортшылар жарыс барысында жоғары дайындықтарын көрсетіп, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Командалар әр кездесуде жеңіске деген жігерін танытып, көрермендерге тартысты ойын сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:
I орын – «Лабасы» командасы
II орын – «Көксу» командасы
III орын – «Жастар» командасы

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы марапаттар табысталды. «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан үздік командалар арнайы кубоктармен, медальдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.Сонымен қатар, жарысты ұйымдастыруға қолдау көрсеткен Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты тарапынан жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар табысталды.Нұрмолда Алдабергенов – ел тарихында өзіндік орны бар, ауыл шаруашылығын дамытуға және туған жерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамы. Оның өнегелі өмір жолы мен елге жасаған еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Осындай тағылымды шаралар арқылы жас ұрпаққа ел тарихындағы көрнекті тұлғалардың еңбегін дәріптеу, олардың өнегесін насихаттау және спортты дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табуда.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ



2026 жылғы 10 қазан күні Төлеңгіт ауылдық округінде «Нашақорлыққа жол жоқ!» акциясы аясында тұрғындар арасында футболдан спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Аталған спорттық шараның негізгі мақсаты – тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, дене белсенділігін дамыту, бос уақыттарын тиімді өткізуге жағдай жасау және нашақорлықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Футбол жарысына ауыл тұрғындары мен жасөспірімдер белсенді қатысып, командалар арасында тартысты ойын өрбіді. Жарыс барысында қатысушылар өздерінің спорттық шеберліктерін, ептіліктері мен командалық ұйымшылдығын көрсетті. Әр команда жеңіске жету жолында бар күш-жігерін салып, көрермендерге тартысты әрі қызықты ойын сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:
I орын – 7 «А» сыныбы
II орын – 7 «Ә» сыныбы
III орын – 6 «А» сыныбы

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі өтті. Үздік нәтиже көрсеткен командаларға «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталар мен кубок табысталды.

Спорттық іс-шара қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жастардың бірлік пен достық қарым-қатынасын нығайтуға ықпал етті. Осындай бұқаралық спорттық шараларды тұрақты түрде өткізу – өскелең ұрпақты спортқа баулып, олардың денсаулығын нығайтуға және зиянды әдеттерден аулақ болуына септігін тигізеді.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ, ӘДІЛДІК – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін, азаматтардың мемлекетке деген сеніміне нұқсан келтіретін күрделі мәселелердің бірі. Онымен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әділдік пен адалдықты өмірлік ұстанымға айналдыру, заң талаптарын сақтау және әрбір іске жауапкершілікпен қарау – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды жолы.

Қоғамның тұрақты дамуы ең алдымен азаматтардың құқықтарының қорғалуына, заң алдындағы теңдікке және мемлекеттік қызметтің ашықтығына байланысты. Әрбір адам өзінің білімі мен еңбегінің арқасында жетістікке жетіп, өз құқығын заңды жолмен қорғауға мүмкіндік алуы тиіс. Ал пара беру, пара алу, қызметтік өкілеттікті жеке мүдде үшін пайдалану секілді әрекеттер әділдік қағидаттарына қайшы келеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен әр азаматтың құқықтық сауаттылығын арттыру қажет. Заңды білу, өз құқықтары мен міндеттерін түсіну және заңсыз әрекеттерге төзбеушілік таныту – құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері. Кез келген мәселені пара немесе таныстық арқылы шешуге ұмтылмай, белгіленген тәртіп пен заң талаптарын басшылыққа алу маңызды.Мемлекеттік қызмет саласында ашықтық пен жауапкершіліктің орны ерекше. Азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапалы әрі қолжетімді болуы, шешім қабылдау үдерістерінің ашық жүргізілуі және өтініштердің заң талаптарына сәйкес қаралуы қоғамдағы сенімді нығайтады. Сонымен қатар цифрлық қызметтерді дамыту адам факторының ықпалын азайтып, кейбір сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру отбасынан басталады. Балаларды кішкентай кезінен адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке және өзгенің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу қажет. Мектепте, жоғары оқу орындарында және еңбек ұжымдарында адалдық қағидаттарын насихаттау да маңызды. Өйткені адалдықты бағалайтын ортада заңсыз әрекеттерге деген көзқарас өзгеріп, қоғамның жауапкершілігі арта түседі.

Әрбір азамат сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға өз үлесін қоса алады. Ол үшін күнделікті өмірде заң талаптарын сақтау, қызметтік немесе жеке мәселелерді шешуде заңсыз артықшылық іздемеу, құқық бұзушылықтарға бейжай қарамау және өз құқығын заңды жолмен қорғау қажет. Егер сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге тап болсаңыз, тиісті уәкілетті органдарға заңда белгіленген тәртіппен хабарлауға болады.Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмеуі тиіс. Оның алдын алу, тәуекелдерді анықтау, азаматтардың құқықтық білімін арттыру және қоғамда адалдық құндылықтарын орнықтыру қатар жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Әрбір мекеме мен ұйым өз қызметінде ашықтықты қамтамасыз етіп, заңдылық пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алуы қажет.

Адалдықты ту етіп, әділдікті өмірлік ұстанымға айналдырайық! Заңға құрметпен қарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті бірге қалыптастырайық. Өйткені жарқын болашақтың негізі – адал еңбек, ашықтық және әр азаматтың жауапкершілігі.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ЖАС БАСКЕТБОЛШЫЛАРЫ – «AUYL SPORT – 2026» ӨҢІРЛІК ТУРНИРІ



Ескелді ауданының жас спортшылары баскетболдан өткен өңірлік турнирде жоғары нәтиже көрсетіп, аудан мерейін үстем етті. Талдықорған қаласында 11–13 қазан күндері 2011 жылы туған және одан кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында ұйымдастырылған «AUYL SPORT – 2026» өңірлік турнирінде ауданымыздың ұлдар және қыздар командалары жеңіс тұғырынан көрінді.

Баскетбол додасына қатысқан жас спортшылар өздерінің шеберлігін, ұйымшылдығын, алаңдағы үйлесімді әрекетін және жеңіске деген жігерін көрсетті. Бірнеше күнге созылған жарыс барысында командалар қарсыластарына лайықты қарсылық танытып, тартысты ойындар өткізді. Әрбір кездесуде спортшылардың жылдамдығы, дәлдігі, тактикалық дайындығы мен командалық рухы айқын байқалды.

Турнир қорытындысы бойынша Ескелді ауданының ұлдар және қыздар командалары қарсыластарынан басым түсіп, екі команда да I орынға ие болып, өңірлік турнирдің чемпионы атанды!

Бұл – аудан спорты үшін үлкен жетістік әрі жас баскетболшылардың қажырлы еңбегінің, үздіксіз жаттығуларының және жаттықтырушылардың кәсіби дайындығының нәтижесі. Екі команданың да бірдей жеңіске жетуі жас спортшылардың әлеуетін, ауызбіршілігін және алға қойған мақсаттарына деген сенімін айқын көрсетті.

Жеңімпаз командалар өздерінің жоғары нәтижелерінің арқасында 2026 жылғы 3–7 қараша күндері Астана қаласында өтетін республикалық турнирге жолдама алды. Ендігі кезекте жас баскетболшылар ел көлеміндегі додада Ескелді ауданының намысын қорғап, өңір абыройын асқақтатуға мүмкіндік алды. Бұл жарыс спортшылар үшін жаңа тәжірибе жинақтап, өз шеберліктерін шыңдап, мықты қарсыластармен бақ сынауға жол ашпақ.

Турнир барысында тағы бір қуанышты жаңалық орын алды. Ескелді ауданының жаттықтырушылары Икіжан Әділ Ерланұлы және Волчков Алексей «Үздік бапкер» номинациясының иегерлері атанды. Бұл марапат – бапкердің кәсіби біліктілігіне, шәкірттерін дайындаудағы еңбегіне және спортты дамытуға қосқан үлесіне берілген лайықты баға.

Жас спортшылардың жетістігіне жаттықтырушылардың қосқан үлесі зор. Командаларды жарысқа дайындап, олардың спорттық шеберлігін арттыруға күш салған жаттықтырушылар Икіжан Әділ Ерланұлы мен Волчков Алексей Васильевичке алғыс білдіреміз.

Олардың жүйелі жұмысы, шәкірттеріне деген сенімі мен қолдауы жас баскетболшылардың жеңіске жетуіне негіз болды.

Осы қуанышты жетістікке орай Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Ж.Қ. Байұзақова жаттықтырушыларды құттықтап, жас спортшылардың жеңісіне жоғары баға берді. Сонымен қатар алдағы республикалық турнирде сәттілік тілеп, Астана қаласында өтетін жарыста жеңіс пен толағай табыстарға жетулеріне тілектестігін білдірді.

Мұндай жетістіктер ауылдық жерлерде спортты дамытуға, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына және олардың бойында табандылық, жауапкершілік пен командалық рух қалыптастыруға үлкен серпін береді. Спорт – тек жеңіс пен жүлде ғана емес, ол тәртіпке, өзара құрметке, бірлікке және мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етуге үйретін маңызды тәрбие мектебі.

Ескелді ауданының жас баскетболшыларының бұл жеңісі – ауданымызда спортқа деген қызығушылықтың артып, жас таланттарға қолдау көрсетіліп келе жатқанының жарқын көрінісі. Екі команданың да чемпион атануы мен жаттықтырушының арнайы номинацияға ие болуы – барша спорт сүйер қауым үшін зор қуаныш.



Жеңімпаз командаларды, жаттықтырушыларды және спортшылардың ата-аналарын шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы республикалық турнирде Ескелді ауданының жас баскетболшыларына сәттілік, мықты ойын, сенімді жеңіс және жарқын жетістіктер тілейміз! Астана төрінде ауданымыздың абыройын асқақтатып, жаңа белестерді бағындыра беріңіздер!

Жеңісті жолдарыңыз жалғасып, чемпиондық рухтарыңыз асқақтай берсін! Ескелді ауданының мерейі әрдайым үстем болсын!

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ЖАС БОКСШЫЛАРЫ «АУЫЛ СПОРТЫ – 2026» ӨҢІРЛІК ТУРНИРІНДЕ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ



2026 жылғы 9–13 қазан күндері аралығында 2012–2013 жылы туған жасөспірімдер арасында бокстан «Ауыл спорты – 2026» өңірлік турнирі өтті. Дүбірлі додада Ескелді ауданының жас спортшылары жоғары дайындық деңгейін, қайсар мінезі мен жеңіске деген жігерін көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Турнирдің негізгі мақсаты – ауылдық жерлердегі бұқаралық спортты дамыту, жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жас таланттарды анықтау және олардың спорттағы шеберлігін шыңдау. Осындай жарыстар жас боксшылардың тәжірибе жинақтап, өз мүмкіндіктерін сынауына, сондай-ақ болашақтағы үлкен жеңістерге жол ашуына мүмкіндік береді.

Жарыс барысында Ескелді ауданының намысын қорғаған жас боксшылар қарсыластарына лайықты қарсылық көрсетіп, табандылық пен төзімділіктің үлгісін танытты. Ринг төріндегі әрбір кездесу спортшылардан шапшаңдықты, дәлдікті, тактикалық ойлауды және мықты психологиялық дайындықты талап етті. Жас боксшылар осындай сындарлы сәттерде өздерінің дайындығы мен жеңіске деген ұмтылысын көрсете білді.

Ескелді ауданы спортшыларының нәтижелері:

- Середа Дамир – 61 келі салмақ дәрежесінде I орын, алтын медаль иегері.

- Диязұлы Уалихан – 46 келі салмақ дәрежесінде III орын, қола медаль иегері.

- Бақытнұрұлы Асхат – 43 келі салмақ дәрежесінде III орын, қола медаль иегері.

-Бағдарұлы Ерасыл – 43 келі салмақ дәрежесінде III орын, қола медаль иегері.

Осылайша, Ескелді ауданының жас боксшылары турнир қорытындысы бойынша бір алтын және үш қола медаль жеңіп алып, аудан мерейін үстем етті. Әрбір жүлденің артында тынымсыз жаттығу, тәртіп, табандылық және жеңіске деген сенім тұрғаны сөзсіз.

Спорттағы жетістіктің негізі – спортшының талпынысы мен еңбегі ғана емес, сонымен қатар жаттықтырушының кәсіби біліктілігі, бағыт-бағдары және үздіксіз қолдауы. Жас боксшыларды жарысқа дайындап, олардың шеберлігін шыңдауға үлес қосқан жаттықтырушылар Қанатбай Ернарға, Әлімбай Абылайға және Кумарбеков Еркебуланға ерекше алғыс білдіреміз.

Жасөспірімдер арасындағы мұндай жарыстар болашақ чемпиондардың қалыптасуына негіз болады. Рингте шыңдалған жас спортшылар жеңіске жетуді ғана емес, қарсыласқа құрметпен қарауды, қиындыққа мойымауды және алға қойған мақсатқа табандылықпен ұмтылуды үйренеді. Бұл қасиеттер олардың спорттық жолында ғана емес, өмірде де маңызды рөл атқарады.

Ескелді ауданының жас боксшыларын жарқын жеңістерімен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ауданымыздың және Жетісу өңірінің абыройын асқақтата берулеріне тілектеспіз. Жеңісті жолдары жалғасып, алтын медальдары көбейіп, болашақта ел намысын қорғайтын мықты чемпиондар қатарынан көріне берсін!

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Ескелді ауданында жалпыоблыстық сенбілік ұйымдастырылып, 11 ауылдық округ пен 33 елді мекенде санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

2026 жылғы 10 қазанда елімізде қоршаған ортаны қорғауға, елді мекендердің тазалығын сақтауға және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Ескелді ауданында жалпыоблыстық сенбілік өтті. Игі бастамаға ауданның 11 ауылдық округіне қарасты 33 елді мекеннің тұрғындары мен мекеме қызметкерлері белсенді қатысып, туған жердің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосты.

«Таза Қазақстан» – қоршаған ортаны қорғауды ғана емес, әрбір азаматтың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыруды көздейтін маңызды бастама. Тазалықты сақтау, қоғамдық орындарды күтіп ұстау, көшелер мен жол жиектерін ретке келтіру, жасыл желектерді көбейту – баршаға ортақ міндет. Осы тұрғыдан алғанда, Ескелді ауданында ұйымдастырылған сенбілік қоршаған ортаға қамқорлық танытудың және ортақ іске жұмыла атсалысудың нақты көрінісіне айналды.

Аудан аумағында өткен тазалық жұмыстарына коммуналдық мекемелердің қызметкерлері, ауыл тұрғындары және экологиялық еріктілер белсенді қатысты. Ортақ мақсатқа жұмылған азаматтар елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға, көшелер мен қоғамдық аумақтарды тазартуға және айналаны көркейтуге бағытталған жұмыстарды бірлесе атқарды. Әрбір қатысушы туған жерінің тазалығы мен көркеюіне үлес қосып, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Сенбілік аясында ауданның барлық ауылдық округтерінде ауқымды санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, арық желілері тазартылып, жол жиектеріндегі қураған ағаштар кесілді, арамшөптер шабылды. Сонымен қатар ағаш түптері мен жиектастар әктеліп, жиналған қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды. Көшелерді, қоғамдық орындарды және елді мекендердің айналасын ретке келтіру жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ауылдардың сыртқы келбеті жақсарып, қоғамдық аумақтар тазартылды. Әсіресе, арық желілерін тазалау мен жол бойындағы қураған ағаштарды ретке келтіру елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды. Ал ағаш түптері мен жиектастарды әктеу көшелердің көркін келтіріп, абаттандырылған аумақтардың жинақы әрі ұқыпты көрінуіне ықпал етті.

Жалпы аудан бойынша сенбілікке 1 230 адам мен 18 бірлік техника жұмылдырылды. Техникалардың көмегімен жиналған тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар шығарылып, тазалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Нәтижесінде елді мекендерден 5 тонна қоқыс шығарылды. Бұл көрсеткіш қоршаған ортаны таза ұстау мен тұрмыстық қалдықтарды уақытылы жинаудың маңыздылығын аңғартады.

Сенбіліктің тағы бір маңызды бағыты – көгалдандыру жұмыстары болды. Табиғи ортаны сақтау, елді мекендердің жасыл желек қорын молайту және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында аудан аумағында 600 түп жапырақты ағаш көшеті отырғызылды. Жас көшеттердің бой көтеруі болашақта ауылдардың ажарын ашып, көшелердің көркін арттыруға, жасыл аймақтардың көбеюіне ықпал етеді.

Ағаш отырғызу – табиғатқа жасалған қамқорлықтың маңызды көрінісі. Әрбір отырғызылған көшет ертеңгі күні саялы ағашқа айналып, қоршаған ортаның жақсаруына үлес қосады. Сондықтан көгалдандыру жұмыстарымен қатар, егілген көшеттерді күтіп-баптау, уақытылы суару және олардың өсуіне жағдай жасау да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Табиғатты аялау бір күндік шарамен шектелмей, күнделікті өмір салтына айналуы қажет.

Сонымен бірге сенбілік барысында аудан бойынша 1 000 ағаш түбі әктелді. Бұл жұмыстар елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту және көше бойындағы жасыл желектерді күтіп ұстау бағытындағы шаралардың бірі болды. Ағаштарды күтіп-баптау, айналасын тазалау және жасыл желектерді қорғау – абаттандыру жұмыстарының ажырамас бөлігі.

«Таза Қазақстан» бағдарламасының басты ерекшелігі – тазалықты бір реттік шара ретінде емес, тұрақты қоғамдық мәдениет ретінде қалыптастыруға бағытталуы. Таза көше, жинақы аула, күтімді саябақ пен жасыл желек – тұрғындардың ортақ еңбегінің нәтижесі. Сондықтан мұндай бастамаларға қатысу әр азаматтың туған жер алдындағы жауапкершілігін арттырып, қоғамда экологиялық сана мен табиғатқа деген құрметті нығайтады.

Ескелді ауданында өткен сенбілік тұрғындардың, коммуналдық мекемелер қызметкерлерінің және экологиялық еріктілердің бірлескен еңбегінің арқасында нәтижелі ұйымдастырылды. Осындай ортақ іске жұмылу ауыл тұрғындары арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, жас ұрпаққа тазалықты сақтау мен табиғатты қорғаудың үлгісін көрсетеді. Әсіресе, балалар мен жастардың экологиялық бастамаларға қатысуы олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Тазалық – тек айналаның көркемдігі ғана емес, ол әр адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Қоқысты белгіленген орынға тастау, қоғамдық орындарды таза ұстау, ағаштар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау, суды және табиғи ресурстарды үнемдеу секілді қарапайым әрекеттер қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосады. Осындай дағдылар күнделікті өмірде қалыптасқанда ғана таза әрі жайлы орта құруға мүмкіндік туады.

Елді мекендердің көркеюі мен тазалығы тек арнайы ұйымдастырылған сенбіліктерге ғана емес, әрбір тұрғынның күнделікті іс-әрекетіне де байланысты. Сондықтан туған жерді таза ұстау, айналаны күтіп-баптау және табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табуы маңызды. Ортақ үйіміз саналатын Қазақстанның табиғатын сақтау – бүгінгі ұрпақтың да, келешек буынның да игілігі үшін атқарылатын маңызды міндет.

2026 жылғы 10 қазанда Ескелді ауданында өткен жалпыоблыстық сенбілік аясында атқарылған жұмыстар «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыруға қосылған нақты үлес болды. Он бір ауылдық округ пен отыз үш елді мекенді қамтыған тазалық шарасы барысында аумақтар ретке келтіріліп, ағаш көшеттері отырғызылып, қоқыстар шығарылды.

Таза аудан – ортақ жауапкершілік, көрікті өлке – бірлескен еңбектің жемісі. Туған жердің тазалығы мен табиғаттың байлығын сақтау жолындағы игі бастамалар жалғасын тауып, Ескелді ауданының әрбір елді мекені таза, жасыл әрі көрікті бола берсін!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ РӨЛІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — бұл мемлекеттік органдар қызметінде ашықтықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған құндылықтар, нормалар мен мінез-құлық жиынтығы. Мемлекеттік қазынашылық жүйесінде оның маңызы ерекше, себебі қазынашылық мемлекеттік қаржы ағындарын басқаруға жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізгі элементтері: заңдылық пен қызметтік әдепті сақтау;

бюджеттік операциялардың ашықтығы; лауазымды тұлғалардың есептілігі. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік.

Мемлекеттік қазынашылықтың негізгі функциялары:

- Бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау;

- Мемлекеттік қаржыны есепке алу;

- Қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету;

қаржылық бұзушылықтардың алдын алу.

Мемлекеттік мекемелердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі:

-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеу және енгізу;

- Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және оқыту;

- Ішкі бақылау және аудит жүйелерін енгізу;

- Қоғам үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету; құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық.

Осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырып, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге және мемлекеттік ресурстарды тиімді басқаруға ықпал етеді.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы да сыбайлас жемқорлыққа іс-қимылдарды қатаң бақылауда ұстайды.

А.С. Киялбекова ,
Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ҚАЗАҚСТАНДА АБОНЕНТТІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ВЕРИФИКАЦИЯЛАУ EGOV-ТА БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕГЕ КӨШІРІЛДІ



9 қазаннан бастап жеке тұлғалар абоненттік құрылғыларды тек цифрлық үкімет порталы мен eGov Mobile қосымшасы арқылы верификациялай алады. Жаңартылған рәсім қажетті мәліметтерді автоматты түрде алуды және азаматтардың дербес деректерін қосымша қорғау мақсатында міндетті бейнесәйкестендіруден өтуді көздейді.

Енді барлық негізгі әрекеттерді eGov Mobile қосымшасы мен https://portal.imei.gov.kz порталы арқылы бір терезе қағидаты бойынша орындауға болады. Өзгерістер пайдаланушылар үшін рәсімді жеңілдетуге, өз бетінше орындалатын әрекеттер санын қысқартуға және ақпараттық қауіпсіздік тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Бұған дейін верификациядан өту үшін азаматтар басқа цифрлық ресурстарға өз бетінше жүгініп, қосымша құжаттарды алып, өтінім берген кезде оларды жүйеге жүктеуі қажет болатын. Атап айтқанда, мемлекеттік шекараны кесіп өту туралы анықтаманы vmp.gov.kz порталында бөлек тапсырыс беру арқылы алу керек еді. Енді қажетті мәліметтер мемлекеттік жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы аясында автоматты түрде алынады. Азаматтарға бұл анықтаманы басқа сервистен өз бетінше алып, жүктеп, қайта тіркеудің қажеті жоқ.

«IMEI-ді верификациялауға өтінім» қызметін пайдалану үшін жаңартылған тәртіпке сәйкес мына әрекеттерді орындау қажет:

- eGov Mobile қосымшасына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен авторизациядан өту;

-басты беттегі «Танымал қызметтер» бөлімінен «IMEI-ді верификациялауға өтінім» қызметін таңдау;

- дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру немесе одан бас тарту үшін 1414 қысқа нөмірінен жіберілген SMS-хабарлама арқылы жауап беру;

-тіркеуді аяқтау үшін eGov (Digital ID) сервисі арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту;

- деректерге қол жеткізуге рұқсат бергеннен кейін жүйені пайдалану шарттарымен танысу. Ол үшін тиісті сілтеме арқылы қолжетімді «Жүйеге қосылу туралы келісім» құжатының ережелерін оқып, келісім шарттарымен танысқаныңызды және оларды қабылдағаныңызды растайтын белгіні қою;

- одан кейін өтінімнің қажетті нұсқаларын таңдау.

Жаңартылған рәсімде өтініш берушінің міндетті бейнесәйкестендіруден өтуі қарастырылған. Бұл шара азаматтардың дербес деректері мен электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) олардың хабарынсыз және келісімінсіз үшінші тұлғалардың пайдалануы, сондай-ақ өтінім беру кезінде қалыптан тыс жағдайлардың анықталуы ескеріліп енгізілді.

Бейнесәйкестендіру өтінімді верификация рәсімі жүргізіліп жатқан азаматтың өзі беріп отырғанын қосымша растауға мүмкіндік береді. Басқа тексеру тетіктерімен бірге бұл шара дербес деректерді заңсыз пайдалану және өзге адамның атынан верификация рәсімдеу тәуекелдерін азайтады.

Сонымен қатар техникалық жұмыстар аяқталып, қосымша қорғаныс шаралары енгізілгеннен кейін жеке тұлғалар үшін iPhone 18 (Apple) құрылғыларын верификациялау қайта басталады. Уақытша шектеу тек верификация рәсіміне қатысты болды. Бұл модельдегі смартфондар Қазақстанның ұялы байланыс операторларының желілерінде еш шектеусіз жұмысын жалғастырды.

Рәсімнің жаңартылуы қызметті пайдаланудың қолайлылығы мен қосымша қорғаныс шараларын біріктіреді: қажетті әрекеттер мен деректер алмасу бір цифрлық кеңістікте жүзеге асырылады, ал тұлғаны растау азаматтардың дербес деректерін заңсыз пайдалану тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Верификациядан өту бойынша сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар 1414 бірыңғай байланыс орталығына хабарласа алады. Сонымен қатар сервисте пайдаланушыларға арналған нұсқаулық пен «Сұрақ-жауап» бөлімі қолжетімді.

Бұл қызмет Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті мен Телекоммуникациялар комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «ATS Mediafon KZ» ЖШС бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз:
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті
Анар Магзумова
+7 777 555 20 85
press@nitec.kz;
www.nitec.kz

Анықтама: «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ «цифрлық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының, жасанды интеллектінің және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесінің операторы болып табылады, сондай-ақ орталық және өңірлік мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

ВЕРИФИКАЦИЯ АБОНЕНТСКИХ УСТРОЙСТВ В КАЗАХСТАНЕ ПЕРЕВЕДЕНА В ЕДИНОЕ ОКНО НА EGOV

С 9 октября физические лица могут пройти верификацию абонентских устройств только через портал цифрового правительства и приложение eGov Mobile. Обновленная процедура предусматривает автоматическое получение необходимых сведений и обязательную видеоидентификацию для дополнительной защиты персональных данных граждан.

Теперь все основные действия доступны в режиме одного окна через приложение eGov Mobile и портал https://portal.imei.gov.kz. Изменения направлены на упрощение процедуры для пользователей, сокращение количества самостоятельных действий и усиление механизмов информационной безопасности.

Ранее для прохождения верификации гражданам требовалось самостоятельно обращаться к другим цифровым ресурсам, получать дополнительные документы и загружать их при подаче заявки. В частности, справку о пересечении государственной границы необходимо было отдельно заказывать на портале vmp.gov.kz. Теперь необходимые сведения поступают автоматически в рамках информационного взаимодействия государственных систем. Гражданам больше не нужно самостоятельно получать, скачивать и загружать такую справку в другой сервис.

Для того, чтобы воспользоваться услугой «Заявка на верификацию IMEI», в соответствии с обновленным порядком, необходимо:

- авторизоваться в приложении eGov mobile любым удобным способом;

- в разделе «Популярные услуги» на главной странице выбрать «Заявка на верификацию IMEI»;

- для предоставления согласия на сбор и обработку персональных данных необходимо подтвердить согласие или отказать посредством SMS-сообщения, направленного на короткий номер 1414;

- для завершения регистрации необходимо пройти биометрическую идентификацию посредством сервиса eGov (Digital ID);

- После предоставления доступа к данным необходимо ознакомиться с условиями использования Системы. Для этого необходимо ознакомиться с положениями «Соглашения о присоединении к системе», доступного по соответствующей ссылке, и установить флажок, подтверждающий ознакомление и принятие условий Соглашения.

-Далее необходимо выбрать нужные варианты заявок.

Отметим, что в обновленном процессе предусмотрена обязательная видеоидентификация заявителя. Данная мера введена с учетом ранее выявленных случаев использования персональных данных и электронной цифровой подписи (ЭЦП) граждан третьими лицами без их ведома и согласия, а также выявленных аномалий при подаче заявок. Видеоидентификация позволяет дополнительно подтвердить, что заявку подает сам гражданин, от имени которого проводится процедура. В сочетании с другими механизмами проверки она снижает риск неправомерного использования персональных данных и оформления верификации от чужого имени.

Дополнительно сообщаем, что после завершения технических работ и внедрения дополнительных мер защиты возобновляется верификация устройств линейки iPhone 18 (Apple) для физических лиц. Временное ограничение касалось исключительно прохождения процедуры верификации. Смартфоны данной линейки продолжали работать в сетях мобильных операторов Казахстана без ограничений на использование.

Обновление процедуры объединяет удобство получения услуги и дополнительные меры защиты: необходимые действия и обмен данными сосредоточены в одном цифровом пространстве, а подтверждение личности помогает снизить риски неправомерного использования персональных данных граждан.

По вопросам прохождения верификации граждане могут обратиться в единый контакт-центр по номеру 1414. Также для удобства граждан в сервисе доступен Гид для пользователей и раздел «Вопросы-ответы».

Данная услуга была реализована благодаря совместной работе Комитета государственных услуг и Комитета телекоммуникаций Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК, АО «Национальные информационные технологии» и ТОО «ATS Mediafon KZ».

За дополнительной информацией просим обращаться:
Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ»
Анар Магзумова
+7 777 555 20 85
press@nitec.kz;
www.nitec.kz

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Мемлекеттік саясаттың негізгі асымдықтарының бірі мемлекет беделіне нұқсан келтіретін сыбайлас жемқорлық әрекеттермен күресу. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе білуі тиіс. Ол үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыра түсуге басты назар аударылуы тиіс. Әсіресе өсіп келе жатқан жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жиілеп жүргізу қажет. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күрес жүргізе отырып, мемлекет қаражаттарын талан-таражға салуға жол бермеу қажет. Сыбайлас жемқорлықпен бүкіл ел болып бірлесе күресу баршамыздың басты міндетіміз.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

400 МЫҢНАН АСА ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРЖЫСЫН ПАЙДАЛАНДЫ

2024 жылғы 1 ақпаннан 2026 жылғы 1 қазанға дейін «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалану бойынша жалпы сомасы шамамен 88,86 млн АҚШ долларына 407 145 алушыға төлем жасалды. Оның ішінде 267 986 алушыға жалпы сомасы 58,29 млн АҚШ доллары тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, ал 139 159 алушыға 30,57 млн АҚШ доллары білім алуға ақы төлеу үшін аударылды.

2026 жылдың басынан бастап 1 қазандағы жағдай бойынша НЖ төлемдерін жалпы сомасы 57,59 млн АҚШ долларына 211 748 қазақстандық алды. Бұл ретте 145 981 алушыға тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 38,86 млн АҚШ долларынан астам, ал 65 767 алушыға білім беру ақысын төлеуге 18,73 млн АҚШ доллары аударылды.

Қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Еске салайық, НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады. Одан кейін пайдаланылмаған қалдық алушының ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту бағытында ең көп сұранысқа ие болған мақсат — тұрғын үй құрылыс жинақтарына одан әрі жинақтау үшін салымды толықтыру. Осы мақсат бойынша 144 160 алушыға жалпы сомасы 38,26 млн АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүзеге асырылды. Сонымен қатар, тұрғын үй сатып алуға арналған ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна енгізу мақсатында 920 жас қазақстандыққа 221,38 мың АҚШ доллары, ал азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді меншікке сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) мақсатында 531 қазақстандыққа 128,34 мың АҚШ доллары төленді.

Нысаналы жинақтарды білім алуға пайдалану бағытында қаражаттың ең көп көлемі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне ақы төлеуге бағытталды. Төлемдер әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін бөліп-бөліп немесе оқу мерзімінің бүкіл кезеңі үшін біржолғы толық көлемде жүзеге асырылады. Осы бағыт бойынша 61 553 азаматқа жалпы сомасы шамамен 17,58 млн АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүргізілді.

Басқалармен қатар мына бағыттар да сұранысқа ие болды: білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыруға 3 092 алушыға жалпы сомасы 810,23 мың АҚШ доллары аударылды. Ал шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы бойынша бөліп-бөліп немесе оқу мерзімінің бүкіл кезеңі үшін біржолғы толық көлемде 1 015 азаматқа 266,29 мың АҚШ доллары бағытталды.

Еске салайық, нысаналы талаптарды есептеу нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда тоқтатылады. Нысаналы талаптарға қатысушының/нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болуына байланысты нысаналы талаптарды/нысаналы жинақтарды алу үшін олардың мұрагерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗҚ-ға жүгіне алады.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мұрагерлерге жалпы сомасы 77,23 мың АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүзеге асырылды. Бұл қаражатты 236 азамат алды.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы - 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда) :

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша, eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет:

- eGov Mobile қосымшасында: "Цифрлық құжаттар" - "Отбасы" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер";

- екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: "Мемлекеттік қызметтер " - "Барлық құжаттар" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер".

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:

-"Халық банкі" АҚ (білім алу ақысын төлеу),

-"Банк ЦентрКредит" АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында осы тақырып бойынша бейне нұсқаулықты көруге болады:

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0
«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0
«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша
«Сұрақ-жауап» бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk
https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk
«Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық:
https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc
https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqpQ
«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру туралы нұсқаулық:
https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA
https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«АТА-АНАҢНЫҢ ҮЙІН ТЕКСЕР!» – ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ!

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары!

Ата-ананың амандығы мен жақындарымыздың қауіпсіздігі – бәрінен қымбат. Әсіресе, қыс мезгілі жақындаған кезде тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, жылыту құралдарының жарамдылығын тексеру және төтенше жағдайлардың алдын алу аса маңызды.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында «Ата-ананың үйін тексер!» атты акцияны бастады.

Акцияның негізгі мақсаты – азаматтардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру, ата-аналар мен қарт адамдардың үйлеріндегі ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алу және тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақыру.

Өрт оқиғаларының басым бөлігі қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан, электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбаудан, жылыту пештерінің ақауларынан немесе тұрмыстық газ жабдықтарына немқұрайлы қараудан туындауы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін әрбір тұрғын өз үйінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Ата-анаңыздың үйіндегі қауіпсіздікті тексеруді ұмытпаңыз!

Акция аясында тұрғындарға ата-аналарының, әсіресе жалғыз тұратын қарт жандардың үйлеріне барып, қауіпсіздік жағдайын тексеру ұсынылады. Үйдегі негізгі инженерлік жабдықтардың жарамдылығына көз жеткізіп, қажет болған жағдайда тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізген жөн.

Ең алдымен, электр сымдары мен электр құрылғыларының жағдайын тексеріңіз. Ескірген, зақымдалған немесе ашық жатқан сымдар қысқа тұйықталуға және өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Электр желісіне шамадан тыс жүктеме түсірмеу, ақаулы құрылғыларды пайдаланбау және электр құралдарын қараусыз қалдырмау маңызды.

Сонымен қатар жылыту пештері мен мұржалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет. Пештің, мұржаның және түтін шығатын жолдардың жарамдылығын тексеріп, оларды уақытылы тазалап отыру керек. Жылыту құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау, пешті қараусыз қалдырмау және жанғыш заттарды оның маңына қоймау қажет.

Газ жабдықтарын пайдаланатын тұрғындар да сақтық шараларын ұмытпауы тиіс. Газ құрылғыларының дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, олардың техникалық жағдайын уақытылы тексертіп отырған жөн. Газдың иісі сезілген жағдайда электр қосқыштарын пайдаланбаңыз, ашық от жақпаңыз, мүмкін болса газ беруді қауіпсіз түрде тоқтатып, терезелерді ашыңыз және қауіпсіз жерге шығып, 104 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Үй ішіндегі қауіпсіздікті арттырудың тағы бір тиімді жолы – түтін мен иіс газын анықтайтын датчиктер орнату. Бұл құрылғылар қауіпті жағдайды ерте анықтап, тұрғындарға уақытында ескерту жасауға мүмкіндік береді. Әсіресе, пешпен жылытылатын және газ жабдықтары қолданылатын үйлерде мұндай құрылғылардың болуы өте маңызды. Датчиктердің жұмысын жүйелі түрде тексеріп, қуат көзін уақытында ауыстыруды да естен шығармаған жөн.

Қарт адамдардың қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік

Кейде күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп, ата-анамыздың жағдайын сұрауға немесе үйіндегі қауіпсіздікке назар аударуға уақыт таппай жатамыз. Алайда бір сәт уақыт бөліп, олардың үйіне барып, тұрмыстық жағдайын тексерудің өзі үлкен қауіптің алдын алуы мүмкін.

Әсіресе, жалғыз тұратын қарт адамдарға ерекше көңіл бөлген жөн. Оларға жылыту құралдарын дұрыс пайдалану жолдарын түсіндіріп, электр және газ жабдықтарының қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз. Төтенше жағдай туындаған кезде қандай әрекет жасау керектігін ескертіп, жедел қызметтердің байланыс нөмірлерін қолжетімді жерге жазып қойыңыз.

Қауіпсіздік – тек тиісті қызметтердің міндеті емес, ол әрбір азаматтың өзінен және отбасына деген қамқорлығынан басталады. Сондықтан ата-анамыздың үйін тексеру – жай ғана үндеуге үн қосу емес, жақындарымыздың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары! Сіздерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ата-ананың үйін тексер!» акциясына белсенді қатысуға шақырамыз. Ата-аналарыңызға, ата-әжелеріңізге және жалғыз тұратын жақындарыңызға уақыт бөліп, олардың үйлеріндегі қауіпсіздік талаптарының сақталуына көз жеткізіңіздер.

Акция туралы ақпаратты туыстарыңыз бен таныстарыңызға таратып, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңыздылығын бірге насихаттайық.

Есіңізде болсын: қауіпсіздікке немқұрайлы қарауға болмайды. Бір сәттік қамқорлығыңыз адам өмірін сақтап қалуы мүмкін!

Ата-анамыз аман, шаңырағымыз тыныш, әр үй қауіпсіз болсын!

ДЕПАРТАМЕНТ ПРОВОДИТ АНАЛИЗ РЫНКОВ УСЛУГ СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу во исполнение поручения Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан и в соответствии с Планом работы на 2026 год начал анализ (обзор) рынков работ и услуг, технологически связанных с регулируемыми услугами субъектов естественных монополий.

Период исследования охватывает 2024–2025 годы и 9 месяцев 2026 года.Основная цель анализа — выявление субъектов естественных монополий, оказывающих иные виды услуг и выполняющих работы в том числе технологически связанных с регулируемыми услугами в сферах электро-, тепло-, водо- и газоснабжения.

В рамках анализа будет проведена оценка состояния конкуренции на указанных рынках и проверено наличие либо отсутствие признаков нарушений законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, в том числе возможных фактов злоупотребления монопольным положением.

Также проведение анализа направлено на выявление потенциальных барьеров для развития конкуренции и обеспечения соблюдения антимонопольного законодательства.

БОЛЕЕ 400 ТЫСЯЧ ЮНЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ СРЕДСТВАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ФОНДА

Выплаты целевых накоплений (ЦН) в рамках программы «Национальный фонд – детям» в период с 1 февраля 2024 года по 1 октября 2026 года получили 407 145 казахстанцев на общую сумму более 88,86 млн долларов США. Из них 267 986 получателям перечислено 58,29 млн долларов США на улучшение жилищных условий, а 139 159 получателям – 30,57 млн долларов США на оплату образования.

Выплаты ЦН с начала 2026 года по состоянию на 1 октября получили 211 748 казахстанцев на общую сумму 57,59 млн долларов США. При этом 145 981 получателю в целях улучшения жилищных условий перечислено более 38,86 млн долларов США, а 65 767 получателям на оплату образования – 18,73 млн долларов США.

Средства перечислены уполномоченным операторам для последующего зачисления на банковские счета заявителей. Напомним, получатель ЦН может использовать как всю доступную сумму, так и ее часть. Неиспользованные средства продолжают храниться на целевом накопительном счете (ЦНС) в течение 10 лет. По истечении этого срока оставшаяся сумма переводится на индивидуальный пенсионный счет получателя для учета добровольных пенсионных взносов.

Самым востребованным направлением в рамках улучшения жилищных условий стало пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления: 144 160 получателям осуществлены выплаты на сумму 38,26 млн долларов США. Также для внесения первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища выплачено 221,38 тыс. долларов США 920 юным казахстанцам, а для приобретения жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) - 128,34 тыс. долларов США 531 казахстанцам.

В рамках использования ЦН на образование наибольший объем средств направлен на оплату образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения): по данному направлению выплаты получили 61 553 гражданина на сумму 17,58 млн долларов США.

Среди других востребованных направлений - пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе, на которое 3 092 получателям перечислено 810,23 тыс. долларов США. Еще 1 015 казахстанцам направлено 266,29 тыс. долларов США на оплату образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения).

Напомним, что начисление целевых требований прекращается в случае смерти либо вступления в законную силу решения суда об объявлении умершим участника целевых требований. В целях получения целевых требований/ЦН в связи со смертью участника целевых требований/получателя ЦН их наследники могут обратиться в ЕНПФ в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

По состоянию на 01.10.2026 г. осуществлены выплаты наследникам на сумму 77,23 тыс. долларов США, при этом получателями средств являются 236 граждан.

С подробной информацией о выплатах ЦН в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Напомним, что по итогам 2025 года казахстанским детям произведено очередное начисление в размере 130,71 долларов США на одного ребенка, за 2024 год – по 129,38 долларов США, за 2023 год - по 100,52 долларов США,

Детям до 18 лет ежегодно суммы из Нацфонда начисляются в виде целевых требований. При этом, согласно законодательству, начисленные юным казахстанцам суммы остаются в составе активов Нацфонда и продолжают инвестироваться. Благодаря дальнейшему инвестированию ежегодно сумма целевых требований каждого ребенка дополнительно прирастает за счет полученного инвестиционного дохода.

В результате совокупная сумма всех накопленных целевых требований (включая ежегодно дополнительно начисляемый инвестиционный доход) у ребенка, который участвует в программе:

- три года, составил 370 долларов 56 центов;
- два года, составил 263 доллара 93 цента;
- один год, составил 130 долларов 71 цент.

Информацию об участии в программе ребенка, не достигшего 18 лет, его родители и иные законные представители могут проверить по ИИН ребенка на сайте kids.enpf.kz, в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и некоторых банков второго уровня.

В случае, если информация о целевых требованиях, начисленных детям за 2025 отчетный год, не отображается, то необходимо обновить документы в мобильных приложениях, следуя по пути:

-в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;

-в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

Отсутствие в личном кабинете законного представителя сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году, обусловлено тем, что целевые требования обрели статус ЦН и в связи с этим доступ к информации о них предоставляется непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году). Указанные лица должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства, чтобы затем при достижении 18-летнего возраста обратиться к уполномоченному оператору для открытия банковского счета в долларах США и подачи онлайн-заявления на выплату ЦН для улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования.

На сегодняшний день уполномоченными операторами являются:

-АО «Отбасы банк» (по жилью и образованию),
-АО «Народный банк» (по образованию),
-АО «Банк ЦентрКредит» (по образованию).

Со статистикой по несовершеннолетним детям - участникам целевых требований и совершеннолетним получателям ЦН, а также по использованию ЦН на жилье и (или) образование можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Изучить условия программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz. Также можно ознакомиться с видеокомментариями и инструкциями по теме на YouTube-канале БЖЗ ҚЕНПФ:

видеокомментарий Председателя АО "ЕНПФ" Ж.Б. Курманова:
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0
видеокомментарий управляющего директора АО "ЕНПФ" М.Т. Шарипова:
https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0
видеокомментарий "Вопрос-ответ" по программе «Нацфонд – детям»:
https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk
https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk
инструкция по сайту "Нацфонд - детям":
https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc
https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqpQ
инструкция об осуществлении программы "Национальный Фонд детям":
https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA
https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі жылдан жылға дамып, тұрғындарға қызмет көрсетудің заманауи әрі тиімді үлгісіне айналып келеді. Бұл бағытта тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді сапалы, жедел, ыңғайлы және ашық түрде алуға мүмкіндік жасалған.

Атап айтқанда, ауыл тұрғындарына «электрондық үкімет» порталы және электрондық лицензиялау порталы арқылы бірқатар мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алуға немесе мамандардың көмегіне жүгінуге мүмкіндік бар.

Алдабергенов ауылдық округі бойынша көрсетілетін негізгі мемлекеттік қызмет түрлері:

-жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім беру;

-мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықсыз (конкурссыз, аукционсыз) беру;

-жер учаскесін жеке меншікке бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату;

-елді мекен жерлерінен жер учаскесін беру;

-тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға кезекке қою және кезек туралы ақпарат беру;

Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу – уақытты үнемдеуге, кезекте тұру қажеттілігін азайтуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алуға жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде.

Өз-өзіне қызмет көрсету жүйесі – ашықтықтың, қолжетімділіктің және тиімділіктің айқын көрінісі

«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЧЕМ СТРАШЕН ТОКСОКАРОЗ



Токсокароз — это паразитарная инфекция, вызванная круглыми червями токсокарами. Вообще это болезнь животных, преимущественно семейства псовых.

Человек для токсокар — биологический тупик. Токсокара откладывает около 20 0000 яиц в сутки. Они попадают на почву и растения, а оттуда на шерсть собак.

Заражение токсокарозом происходит при проникновении яиц токсокар в организм человека с пищей и водой, бытовым, контактным, фекально-оральным путем. Инфицирование возможно при контактировании с животными, особенно бездомными, и землей обсеменённой яйцами. Наиболее распространенные источники заражения — щенки, беременные и лактирующие суки.

Распространению токсокароза в быту способствуют тараканы, они поглощают яйца гельминтов с последующим выделением части живых особей.

Симптоматика весьма обширна, так как зависит от того, в какие органы попали личинки. В острый период признаки болезни схожи с симптомами других гельминтозов.

Среди общих для всех форм болезни следующие признаки: температура с ознобом от субфебрильной в легких случаях до +39 С, может длиться до 3 недель, головные боли умеренной интенсивности, потеря аппетита, тошнота, нелокализованные боли в животе, диарея, с увеличение размера лимфоузлов, печени, селезенки, от легкого ночного покашливания до бронхиальной обструкции, пневмонии, признаков удушья, цианоза, крапивница, папулезнеые высыпания, чаще они появляются на коже поясничного отдела и конечностей.

При легких и среднетяжелых формах токсокароза прогноз благоприятный. Полное выздоровление без осложнений отмечается у 90% пациентов.

Профилактика состоит из проведения общесанитарных мер защиты окружающей среды. В первую очередь необходимо создавать специальные места выгула для собак. Фекалии необходимо утилизировать, не оставлять их на земле. Также владельцам собак необходимо проводить регулярную дегельминтизацию, а уличные бродячие животные должны быть отловлены.

Особое внимание следует уделять гигиене. Необходимо тщательно мыть руки после возвращения домой, избегать контактов с чужими животными.

Нельзя есть еду на улице, если нет возможности помыть или продезинфицировать руки. Овощи и фрукты должны быть хорошо вымытыми.

Детям необходимо прививать навыки гигиены с самого детства.

В процессе игры в песочнице важно не допустить поедания песка и почвы, после не менее важно помыть малыша.

Е.Сейсембинов,
Руководитель Ескельдинского районного санитарно-эпидемиологического контроля

«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРГЕ МҰРА»: НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТІҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ



Ескелді ауданының Нұрмолда Алдабергенов ауылында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, көрнекті ауыл шаруашылығы ұйымдастырушысы, ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан қоғам қайраткері Нұрмолда Алдабергеновтің туғанына 120 жыл толуына орай тағылымы мол мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастырылды. Тағылымды жиынның басты мақсаты – даңқты тұлғаның өнегелі өмір жолын ұлықтау, халқына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау және ел жадындағы есімін жаңғырту.

Мерейтой аясында Батырлар аллеясына гүл шоқтарын қою рәсімі өткізіліп, «Елге қызмет – ерге мұра» атты ғылыми-мерейтойлық конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар волейбол және футбол жарыстары өткізіліп, ел бірлігін нығайтатын, ұрпақ сабақтастығын дәріптейтін тағылымды шаралар кеңінен өріс алды.

Мерекелік іс-шара Батырлар аллеясында гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Жиналған қауым ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосқан Нұрмолда Алдабергеновтің рухына тағзым етті. Бұл рәсім – өткенге құрмет көрсетудің, ел үшін еңбек еткен тұлғалардың есімін ұмытпай, олардың өнегесін келешек ұрпаққа жеткізудің жарқын көрінісі.

Нұрмолда Алдабергенов – өз дәуірінде ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне тың серпін беріп, ұйымдастырушылық қабілетімен, табандылығымен және еңбекқорлығымен танылған бірегей тұлға. Оның өмір жолы адал еңбектің, елге қызмет етудің және ортақ мақсат жолында табанды әрекет етудің үлгісі болып қала береді.

«Елге қызмет – ерге мұра»: ғылыми-мерейтойлық конференция

Мерейтойдың маңызды бөлігіне айналған «Елге қызмет – ерге мұра» атты ғылыми-мерейтойлық конференцияға ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, жастар және аудан тұрғындары қатысты. Жиында қайраткердің өмірі мен еңбек жолы, ауыл шаруашылығын дамытудағы жетістіктері, ұйымдастырушылық тәжірибесі және қоғам алдындағы еңбегі кеңінен сөз болды.

Облыс әкімінің атынан қатысушыларды құттықтаған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов алдымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейтойға орай жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

Мемлекет басшысының құттықтауында Нұрмолда Алдабергеновтің ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, Жетісу өңірінің өркендеуіне қосқан үлесі ерекше атап өтілді. Сондай-ақ оның өзі басқарған шаруашылықтарды дамытуға сіңірген еңбегі, ұлт мүддесіне адал қызмет етудің үлгісін көрсеткені және екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанғаны айтылды.

Құттықтау хатында қоғам қайраткерінің ел ішінде «Дала академигі» деген ардақты атпен танылғаны да ерекше көрсетілді. Еңбекқорлықты дәріптеу, адал еңбегімен халыққа өнеге болған тұлғалардың жасампаз істерін насихаттау және олардың есімін ұрпақ жадында сақтау – ортақ міндет екені атап өтілді.

Өз сөзінде Диас Есдәулетов Нұрмолда Алдабергеновтің есімін ұлықтау мақсатында облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Сонымен қатар қайраткердің өнегелі өмір жолының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына назар аударып, оның елге сіңірген еңбегі мен азаматтық болмысы кейінгі буынға үлгі екенін жеткізді.

«Дала академигі» атанған даңқты тұлғаның өнегелі жолы

Конференция барысында Нұрмолда Алдабергеновтің ғибратты ғұмыры мен еңбек жолына арналған қысқаметражды деректі фильм көрсетілді. Фильм арқылы қатысушылар қайраткердің өмір белестеріне, ауыл шаруашылығын дамытудағы жетістіктеріне және ел игілігі жолындағы қызметіне тағы бір мәрте назар аударды.

Мерейтойлық жиында ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Тынышбай Досымбеков, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Ескелді ауданының Құрметті азаматы Төлеген Мұсапиров, еңбек ардагері Шайбала Тергеуова және қоғам қайраткерінің қызы Рабиға Алдабергенова мазмұнды баяндамалар жасап, естеліктерімен бөлісті.

Баяндамаларда Нұрмолда Алдабергеновтің еңбек жолы, ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге қосқан үлесі, басқарушылық тәжірибесі мен адамгершілік қасиеттері кеңінен қамтылды. Оның өмірі мен қызметі арқылы адал еңбекке деген құрмет, туған жерге жанашырлық және ел болашағына жауапкершілікпен қарау секілді құндылықтардың маңызы айқындала түсті.

Қайраткердің қызы Рабиға Алдабергенованың естеліктері мерейтойдың мазмұнын байытып, тұлғаның өмір жолына қатысты тағылымды сәттерді еске алуға мүмкіндік берді. Мұндай кездесулер тарихи жадыны жаңғыртып қана қоймай, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайта түседі.

Нұрмолда Алдабергеновтің өмірі – үлкен мақсатқа адалдықпен қызмет етудің, халықтың әл-ауқатын арттыру жолында табандылық танытудың үлгісі. Ол ауыл шаруашылығын дамытуда ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені тиімді пайдалануға басымдық беріп, шаруашылықтардың экономикалық әлеуетін арттыруға күш салды.

Ауыл шаруашылығын өркендеткен еңбек майталманы

Нұрмолда Алдабергенов Кербұлақ ауданында дүниеге келген.

Ол Қазақстанда алғашқылардың бірі болып ұжымшар құру ісіне араласып, Жетісу өңіріндегі бірнеше колхозды басқарған білікті ұйымдастырушы ретінде танылды.

Қайраткер ауыл шаруашылығы саласында егіншілік мәдениетін жетілдіруге, мал тұқымын асылдандыруға және өндірістің тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлді. Ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені өндіріске батыл енгізу арқылы жоғары өнім алуға және шаруашылықтардың экономикасын нығайтуға ықпал етті.

Оның басшылығымен ұжымшарларда озат тәжірибе мектебі тұрақты жұмыс істеп, асыл тұқымды мал фермалары құрылды. Ауылдың тұрмыс-тіршілігін жақсарту, еңбек адамдарына қолайлы жағдай жасау және елді мекендерді көркейту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ауылда қала үлгісіндегі құрылыс салу тәжірибесінің жүзеге асуы сол кезең үшін маңызды жаңалықтардың бірі болды.

Нұрмолда Алдабергеновтің қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, ол екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанды. Халық арасында «Дала академигі» атануы оның ауыл шаруашылығын дамытудағы біліміне, тәжірибесіне және ерекше ұйымдастырушылық қабілетіне берілген лайықты баға еді.

Оның еңбек жолы бүгінгі ауыл шаруашылығы мамандары мен жас ұрпақ үшін де маңызды. Себебі қайраткердің тәжірибесі табандылықтың, жаңашылдықтың және ел игілігіне бағытталған еңбектің қандай нәтижеге жеткізетінін көрсетеді.

Нұрмолда Алдабергеновтің есімін есте қалдыру және оның мұрасын сақтау бағытындағы жұмыстар да жалғасын табуда.

2023 жылы Талдықорған қаласында қоғам қайраткерінің ескерткіш-бюсті орнатылды. Бюст ағаштар отырғызылып, гүлзарлар жасалған сквер аумағында орналасқан. Бұл – елге еңбегі сіңген тұлғаға көрсетілген құрметтің және тарихи жадыны сақтауға бағытталған игі бастаманың көрінісі.

Сонымен қатар Нұрмолда Алдабергенов ауылындағы қайраткердің музейі орналасқан ғимараттқа ағымдағы жөндеу жүргізіліп, нысан аумағы абаттандырылды. Мұндай жұмыстар тарихи мұраны сақтауға, тұлғаның өмірі мен қызметін кеңінен танытуға және келушілер үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Музейлер мен ескерткіштер – өткен тарихты бүгінгі ұрпақпен байланыстыратын рухани көпір. Олар ел дамуына үлес қосқан азаматтардың еңбегін танытып, жастардың бойында отансүйгіштік сезім мен туған жерге деген құрметті қалыптастыруға ықпал етеді.

Спорттық жарыстар – бірлік пен салауатты өмір салтының көрінісі

Мерейтой аясында руханитанымдық шаралармен қатар, спорттық жарыстар да ұйымдастырылды. Атап айтқанда, волейбол және футболдан жарыстар өткізіліп, қатысушылар өзара бақ сынады.

Спорттық сайыстар мерекелік бағдарламаның мазмұнын толықтырып, ауыл тұрғындарының белсенділігін арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және жастардың спортқа деген қызығушылығын қолдауға бағытталды. Сонымен бірге мұндай жарыстар қатысушылар арасындағы достықты нығайтып, командалық рух пен өзара сыйластықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мерейтойлық шаралар тарихи тұлғаның өмір жолын ұлықтаумен қатар, қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға, жастардың рухани және дене тәрбиесіне мән беруге бағытталды.

Ел есінде мәңгі сақталатын есім

Нұрмолда Алдабергеновтің 120 жылдық мерейтойы – өткенге тағзым етіп қана қоймай, бүгінгі ұрпаққа адал еңбек пен елге қызмет етудің маңызын ұғындыратын тағылымды оқиға. Оның өмір жолы халық игілігі үшін еңбек етудің, жауапкершілік пен табандылықтың, туған жердің өркендеуіне үлес қосудың жарқын үлгісі болып қала береді.

Мерейтой аясында өткен ғылыми-мерейтойлық конференция, деректі фильм көрсетілімі, естелік баяндамалар мен спорттық жарыстар даңқты тұлғаның мұрасын кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді. Қайраткердің есімін ұлықтау – оның еңбегін бағалау ғана емес, елге қызмет етуді өмірлік мұрат еткен азаматтардың өнегесін келешек ұрпаққа аманаттау.

Елі үшін еңбек еткен ердің есімі ешқашан ұмытылмайды. Нұрмолда Алдабергеновтің өнегелі өмірі мен жасампаз еңбегі халық жадында сақталып, кейінгі буынға рухани бағдар бола бермек.

Елге қызмет ету – ұрпаққа үлгі, адал еңбек – мәңгілік мұра.

ПРОФИЛАКТИКА ТОКСОПЛАЗМОЗА!!!

Токсоплазмоз- это широко распространенное заболевание людей и животных с различными клиническими проявлениями: от здорового бессимптомного носительства до тяжелых форм болезни. Заболевание проявляется в двух клинико-эпидемиологических формах – приобретенной и врожденной.

Токсоплазма – простейшее, внутриклеточный паразит. Она неустойчива к воздействию термических и химических факторов: нагревания, раствора хлорамина, 50ºС спирта и др. Возбудитель сохраняется во внешней среде 1,5 – 2 года.

Источник инфекции – домашние кошки, промежуточные хозяева: собаки и сельскохозяйственные животные, в том числе и человек.

Основные пути передачи: пищевой, водный и бытовой. Основной фактор передачи - сырое или недостаточно термически обработанное мясо (мясной фарш) с находящимися в нем цистами токсоплазм. Наиболее чаще их содержат баранина и свинина. Фактором передачи может быть также плохо вымытая зелень, овощи, фрукты (с земли), грязные руки. Заражение может происходить трансплацентарно - от матери к плоду во время беременности, возможна передача при переливании крови, пересадке органов. Скрытый период длится в среднем до 2 недель, но иногда может затягиваться до нескольких месяцев. Свежая приобретенная инфекция протекает с лихорадкой, ознобом, болями в мышцах и резкой утомляемостью. Хроническая приобретенная инфекция встречается чаще, чем острая и протекает в виде функциональных расстройств и аллергических реакций. Наблюдается длительная температурная реакция, у женщин в этой стадии бывают специфические заболевания гениталий. Поражения глаз проявляются хориоретинитом, увеитом, прогрессирующей близорукостью. У половины больных отмечается увеличенная печень. У женщин происходит нарушение менструального цикла, у мужчин - развивается импотенция. Наиболее частым проявлением как острого, так и хронического токсоплазмоза является лимфаденопатия. Возможно развитие токсоплазменного энцефалита. Врожденный токсоплазмоз: при заражении матери в I триместре беременности тяжело протекающий врожденный токсоплазмоз может развиваться у 15-25% детей, в тяжелых вариантах ее течения в этом периоде могут быть спонтанные аборты, мертворождения, гидроцефалия и др.; в III триместре инфицированными оказываются 50-65% новорожденных, но инфекция протекает малосимптомно. Если женщина инфицируется до беременности (за 6 месяцев), внутриутробного инфицирования не наступает. Если заражение наступает незадолго до беременности, риск развития врожденного токсоплазмоза очень мал.

Женщина способна передать токсоплазменную инфекцию плоду только один раз в жизни - в первые три месяца беременности. Никогда при повторной беременности женщина не передавала плоду токсоплазмоз, если она раньше была инфицирована.

При острой форме врожденного токсоплазмоза у новорожденного отмечается высокая лихорадка, экзантема, увеличение лимфатических узлов, поражение печени и селезенки, нередко желтуха. Возможны тяжелые поражения ЦНС в виде энцефалита. Могут развиваться хориоретинит, кальцификаты в головном мозге, гидроцефалия, снижение интеллекта, судорожный эпилептиформный синдром.

Хроническая форма врожденного токсоплазмоза может развиваться несколько лет и проявиться в виде олигофрении, хориоретинита, эписиндрома.

Клинические проявления инфекции отмечаются у ослабленных лиц,а также у лиц с явлениями приобретенного или врожденного иммунодефицита.

Лабораторная диагностика. Для подтверждения диагноза или его исключения необходимы лабораторные исследования с токсоплазменным диагностикумом.

Профилактика:

- исключить из пищи сырое и недоваренное мясо;
- исключить дегустацию сырого мясного фарша;
- мыть руки после контакта с сырым мясом;
- мыть руки после контакта с почвой на огороде, в саду и т.п.;
- чисто мыть овощи, зелень и фрукты (с земли);
- не содержать в доме кошку или удостовериться у ветеринарного врача об отсутствии у нее ооцист токсоплазмы в фекалиях;
- не кормить кошку сырым мясом и субпродуктами;
- ежедневно очищать и дезинфицировать кипятком туалет кошки, соблюдать при этом все меры предосторожности (использовать перчатки).

Е.Сейсембинов,
Руководитель
Ескельдинского районного УСЭК

2026 ЖЫЛЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою
-Мерзімі: 12 жұмыс күні
-Құны: Тегін
-Нәтижесі: Арнайы есепке қою туралы хабарлама немесе бас тарту.
-Жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер учаскесін алуға кезекке қою (10 соттық).
-Мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін беру (бос жер учаскелерін Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының картасы арқылы таңдау арқылы).
•Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту
-Мерзімі: 10 жұмыс күні (тегін, электрондық немесе аралас нысанда).
-Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау.
-Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту.
-Уақытша өтеулі немесе өтеусіз жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді беру.
Маңызды өзгерістер (2026 жыл):
-2026 жылғы 12 шілдеден бастап жер учаскелеріне мемлекеттік актілерді беру қызметі тек электронды түрде eGov.kz порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл қызмет түрі ХҚО арқылы көрсетілмейді.
Барлық қызметтер туралы толық ақпарат алу немесе өтініш беру үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуға болады.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНА ТӨНЕТІН ҚАУІПТІ ЖОЮ

Сыбайлас жемқорлық-қоғамның дамуына төнетін аса қауіпті қатерлердің бірі. Бұл азаматтардың мемлекетке деген сеніміне нұқсан келтіреді, құқықтық жүйе мен моральдық нормаларды бұзады, экономика мен әлеуметтік дамуға деструктивті әсер етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өз азаматтары үшін тұрақты және гүлденген болашақты қамтамасыз етуге ұмтылатын көптеген елдердің күш-жігерінің ажырамас бөлігіне айналуда.

Сыбайлас жемқорлық пара беру және пара алу сияқты күнделікті көріністерден бастап, мемлекеттік органдар мен бизнестегі ірі сыбайлас жемқорлық схемаларына дейінгі қоғамның әртүрлі салаларын қамтиды. Бұл экономика мен әлеуметтік әділеттіліктің қалыпты жұмысына қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлық жағдайында ресурстар тиімді пайдаланылмайды, бұл теңсіздік пен кедейлікке әкеледі.

Сыбайлас жемқорлық азаматтардың Үкімет пен билік институттарына деген сенімін бұзады. Адамдар ақша мен биліктің жеке пайда табу үшін пайдаланылғанын көргенде, олар жүйенің әділдігі мен адалдығына деген сенімін жоғалтады. Бұл саяси тұрақсыздыққа, тіпті әлеуметтік қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық экономикаға елеулі әсер етеді. Бұл кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіреді, инвесторларды қорқытады және елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлық өркендеген кезде ресурстар экономиканың өсуіне ықпал ететін жобаларға емес, жемқор шенеуніктер мен кәсіпкерлердің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталады.

Сыбайлас жемқорлық құқықтық жүйені бұзады, өйткені ол жемқор шенеуніктер мен кәсіпкерлерге өз әрекеттері үшін жазадан аулақ болуға мүмкіндік береді. Бұл жазасыздыққа алып келеді және жауапсыздық мәдениетін нығайтады, бұл сыбайлас жемқорлықты одан әрі күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің тұрақты және гүлденген болашағын қамтамасыз етудің маңызды шарты. Сыбайлас жемқорлық құқық тәртібіне, экономикаға және жалпы қоғамға қауіп төндіреді. Сондықтан әр азамат барлығына адал және әділ болашақты қамтамасыз ету үшін осы күреске белсенді қатысуы керек.

Құрметпен,
Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !



АЛТЫН КҮЗ – МЕЙІРІМ ШУАҒЫ!



Күздің алтын шуағындай жылулық сыйлаған мерекелік шара

Күз – табиғаттың алтын түске боялып, айналаға ерекше көрік пен әсемдік сыйлайтын ғажайып мезгілі. Сары алтындай жарқыраған жапырақтар, молшылыққа толы берекелі дастарқан, салқын самал мен шуақты күндер адам жанына ерекше әсер сыйлайды. Бұл мезгіл – еңбектің жемісін көріп, табиғаттың байлығына сүйсінетін, мейірімділік пен қамқорлықтың қадірін терең сезінетін ерекше кезең. Күздің осындай көркем келбетінен шабыт алған «Алтын күз – мейірім шуағы!» атты мерекелік іс-шара жүректерге жылулық ұялатып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Адам өміріндегі ең қымбат құндылықтардың бірі – мейірім мен жанашырлық. Әсіресе, өмірдің талай белесінен өткен қарттарымыз бен ерекше күтімді қажет ететін жандарға көңіл бөліп, олардың қоғамның ажырамас бөлігі екенін сезіндірудің маңызы зор. Осындай игі мақсатты көздеген мерекелік шара «Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді аудандық үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жалғызбасты қарттар мен мүгедектер және мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің есебінде тұрған қызмет алушыларға арналып ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – қызмет алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың көңіл күйін көтеру, рухани демалысына жағдай жасау және өзара жылы қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік беру. Сонымен қатар қатысушыларға мерекелік көңіл күй сыйлап, өмірге деген құлшынысын арттыру, ортақ қуаныш пен шаттыққа бөленуіне жағдай жасау көзделді. Осындай басқосулар адамдар арасындағы сыйластықты нығайтып, бір-біріне деген ізгі ниет пен қамқорлық сезімін арттыра түседі.

Мерекелік шараның шымылдығы жылы лебіздер мен ізгі тілектерге толы көңіл күйде ашылды. Орталық директоры Г.О. Далабаева қатысушыларды «Алтын күз» мерекесімен құттықтап, баршаға ақжарма тілегін жеткізді. Өз сөзінде мерекенің маңыздылығына тоқталып, әрбір адамның өмірінде мейірімнің, қамқорлықтың және адамгершіліктің орны ерекше екенін атап өтті. Қатысушыларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық, көңілдеріне шаттық пен жүректеріне тыныштық тіледі. Сондай-ақ осындай мерекелік кездесулердің адамдарға рухани күш беріп, күнделікті өмірге ерекше серпін сыйлайтынын жеткізді.

Мерекенің мазмұнын байытып, сәнін келтірген сәттердің бірі – аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының өнер көрсетуі болды. Өнер иелері әсем әндерін шырқап, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әуезді әндер мен әсем әуендер мерекелік ортаның ажарын ашып, қатысушылардың жүрегіне қуаныш ұялатты. Қазақтың ән өнері арқылы ұлттық рух пен рухани құндылықтар дәріптеліп, өнерге деген құрмет арта түсті.

Әсем әннің әуенімен қатар, мерекелік бағдарлама қызықты ойындар мен көңілді сәттерге ұласты. Қатысушылар ойындарға белсене араласып, өздерінің тапқырлығы мен шапшаңдығын көрсетті. Әзіл-қалжың мен шат күлкіге толы ойындар баршаға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, мерекенің шырайын аша түсті. Әрбір қатысушы ортақ қуаныштың бір бөлшегіне айналып, айналасындағы жандармен еркін араласып, жылы жүздесудің ерекше әсерін сезінді.

Күз мезгілінің өзіндік бояуы мен әсемдігін айшықтаған бұл мерекелік басқосу тек ойын-сауықпен ғана шектелмей, қатысушылардың бір-бірімен жақынырақ танысып, пікір алмасуына да мүмкіндік берді. Бір дастарқан басында бас қосып, ақ тілектермен бөлісу, бір-бірінің көңіл күйіне назар аудару – адамға қуат беретін қарапайым әрі мағыналы әрекеттер. Кейде шынайы ықыласпен айтылған бір ауыз жылы сөздің өзі адамның көңілін көтеріп, жүрегіне үміт сыйлайды. Сондықтан осындай кездесулердің әрбір қатысушы үшін орны бөлек.

Қарттарымыз – өмірлік тәжірибенің қайнар көзі, ұрпаққа өнеге болар асыл қазынамыз. Ал мүгедектігі бар жандарға құрмет көрсету, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау – ортақ міндетіміз. Оларға қолдау білдіру тек мерекелік күндермен шектелмей, күнделікті өмірде де жалғасын табуы тиіс. Себебі шынайы қамқорлық адамның жағдайын түсінуден, оның пікіріне құрметпен қараудан және қажет кезінде жанынан табылудан басталады.

«Алтын күз – мейірім шуағы!» атты мерекелік іс-шара осындай адами құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте айқындады. Күздің алтын шуағындай жылулық сыйлаған бұл басқосу қатысушыларға көтеріңкі көңіл күймен қатар, ұмытылмас әсер қалдырды. Әсем әндер, қызықты ойындар, шынайы күлкі мен ақжарма тілектер мерекенің мазмұнын байытып, әрбір жанның жүзінде қуаныш күлкісін ұялатты.

Осындай игі шараларды ұйымдастыру – әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы маңызды жұмыстардың бірі. Мұндай кездесулер қызмет алушылардың қоғамдық ортаға араласуына, қарым-қатынас аясын кеңейтуіне және эмоционалдық қолдау алуына ықпал етеді. Сонымен бірге қоғамда үлкенге құрмет, кішіге ізет, өзара түсіністік пен жанашырлық секілді ізгі қасиеттердің кеңінен таралуына жол ашады.

Мейірімділік – адам жанына шуақ сыйлайтын, адамдарды жақындастыратын асыл қасиет. Біреуге қуаныш сыйлау, көңілін аулау, қолдау көрсету үшін үлкен іс атқару міндетті емес. Кейде жылы жүздесу, шынайы ықылас пен қамқорлыққа толы бір сәттің өзі үлкен мәнге ие. Осындай изгілікті істер арқылы қоғамда адамгершілік құндылықтар нығайып, әрбір жанның өзін қажет әрі қадірлі сезінуіне мүмкіндік туады.

Қорытындылай келе, «Алтын күз – мейірім шуағы!» атты мерекелік іс-шара өз мақсатына сай өтіп, қатысушыларға шаттық пен жылулық сыйлады. Күздің молшылығы мен берекесін, мейірім мен қамқорлықтың қадірін дәріптеген бұл мереке көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Әрбір адамның көңіліне шуақ ұялатып, жүзіне күлкі сыйлау – үлкен адамгершіліктің белгісі.

Алтын күздің шуағындай жарқын көңіл күй сыйлаған осындай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, жақсылық пен жанашырлықтың жаршысы бола берсін! Әр шаңыраққа береке, әр жүрекке мейірім, әр күнге қуаныш пен шаттық тілейміз. Қамқорлық пен сыйластық салтанат құрған қоғамда әрбір жан өзін бақытты әрі бағалы сезінері сөзсіз.

М. Мырзакулова,
Бөлімше меңгерушісі.

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2026 год!
Наш ИНДЕКС:
Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 16535
Сумма подписки:
Физ.лицо: год — 7225,76 тг Юр.лицо: год — 7267,52 тг
ПОДПИШИСЬ НА НАС!
Наш электронный адрес:
eskeldi_eli@mail.ru

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1345 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ